



**БҰЛ САЙЛАУ
БҰРЫНҒЫДАН
ӨЗГЕШЕ**

2-бет



**АУЗЫ
ЖАМАН
ЕЛДІ
БЫЛҒАЙДЫ**

5-бет



**СӘМБІ
ТАЛДЫҢ
САЯСЫ**

8-бет

ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№3 (3534) 13 қаңтар 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

КЕЗДЕСУ

СУДЬЯЛАР КОРПУСЫ РЕФОРМАЛАРДЫ ЖАЛҒАСТЫРУҒА ӘЗІР



Жоғарғы Сотта сенаторлар мен судьялар сот жүйесін жаңғырту мәселелерін талқылады. Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Владимир Волков бастаған сенаторлармен кездесу өткізді.

(Соңы 2-бетте)

ПАРЛАМЕНТ

ГАЗ БАҒАСЫ РЕТТЕЛМЕК

Елімізде сұйытылған мұнай газының бөлшек сауда бағасы мемлекет тарапынан реттелмек. Сонымен қатар сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізу кезінде бағаны реттеу тәртібі өзгертілуі мүмкін.

Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу процестерінің реинжинирингі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда қаралған кезде мәлім болды. Депутаттар бастамашылығымен дайындалған бұл құжатты заң жобасы бойынша құрылған жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева қорғады.

Сұйытылған мұнай газының бағасының көтерілуі былтыр қаңтар трагедиясына ұласқаны белгілі. Осы оқиғадан кейін Мемлекет басшысы газ саласын қалпына келтіруді тапсырған еді. Аталмыш заң жобасы – осы бағытта қолға алынған шаралардың бірі болып отыр.

Жоба сұйытылған газ айналымы саласында қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатында әзірленіпті. Тұтастай алғанда бұл құжат сұйытылған мұнай газының бөлшек сауда бағаларын мемлекеттік реттеуге, көтерме саудада өткізу кезінде бағаны мемлекеттік реттеу тәртібін өзгертуге, «газ толтыру пункті», «газ толтыру станциясы», «мұнай-газ-химия өнімдері» ұғымдарын нақтылау, «тауарлық, сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды өндіруге», «сұйытылған мұнай газын өндірушінің өндірістік объектісі» және «топтық резервуарлық қондырғы» ұғымдарын айқындауға бағытталған.

Заң жобасында 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексіне «Газ және газбен жабдықтау туралы» заңына өзгерістер мен толықтыруларды қарастырып отыр.

(Соңы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНА ҚАШАН ОҢАЛАДЫ?

Үкімет тарапынан халықтың денсаулығын қорғауға, жаңадан медициналық мекемелер құруға, оны тиісті құрал-жабдықтармен жабдықтауға миллиардтаған теңге бөлініп жатыр. Соған қарамастан халықтың денсаулығын қорғау бойынша қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесін әлі қалыптастыра алмай келеміз. Бұл шындық!

Мен санитарлық-эпидемиологиялық қызмет саласында 57 жыл еңбек еттім. Аудандық, қалалық СЭС-ті басқарып, облыстық, республикалық құрылымдарда лауазымды қызмет атқардым. «КСРО және Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесінің» үздігі ретінде марапатталған маманның бірімін. Өз саламды бес саусағымдай білемін. Әрі зейнетке шықсам да осы салада атқарылып жатқан іс-шараларды үнемі бақылап, қабылданған құжаттарға зер салып отырамын. Сонда байқағаным, СЭС-ке қатысты соңғы жылдары қабылданған

құжаттардың қазақшасы сын көтермейді. Бекітілген санитарлық қағидалардың қазақша нұсқасы қате жазылған. Қағидаларды оқыған кезде қазақ елінде қазақ болып туғаныңа ұяласың. Егер де осы қағиданы жазған, бұйрықты дайындаған комитет төрағасы, жауапты маман Тіл туралы, Нормативтік құқықтық акті туралы, Мемлекеттік қызмет туралы заңдарды толық оқыған кезде, медицина институтында гигиена – эпидемиология – бактериология пәндерін терең меңгергенде мұндай жарамсыз санитарлық қағидаларды жазбаған болар еді.

Шынында комитет – Денсаулық сақтау министрлігінің айнасы. Қазақстанда өмір сүретін 19 миллион халықтың денсаулығын қорғауға, демографиялық өсіміне жауапты бірден-бір тұлға – Денсаулық сақтау министрі Ажар Финият. Сонымен бірге бұл жауаптылық Денсаулық сақтау министрлігі құзырындағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы Н.Садуақасовқа, мемлекеттің Бас санитар дәрігері А.Есмағамбетоваға да ортақ. Бұл лауазымды тұлғалар қолданыстағы санитарлық қағида талаптарының орындалуын уақытылы бақылап отыруы керек. Алайда министрлік өкілдерінің өз функциясы мен міндетіне селқос қарап, әрекетсіздік танытуы денсаулық саласының ақсауына алып келіп отыр.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жаңа

Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында еститін мемлекет қалыптастыру басты бағдар етілген. Ал біздің Денсаулық сақтау министрлігіндегілер халықты «естімейді». Мәселен, былтыр саладағы кемшіліктерді көрсетіп, ұсыныстарымды айтып арнайы хат жолдадым. Хат Денсаулық сақтау министрлігінде тіркелген. Бірақ қазақша жазылғанды оқымайтын, ондағы өзекті мәселені түсінгісі келмейтін министр мен комитет төрағасынан әлі күнге дейін жауап жоқ!

«Шын сөздің маңдайы қасқа келеді», «Тәртіпке бағынған адам құл болмайды» деген қазақтың ұлағатты сөзінің қадірін түсінбейтін, мемлекеттік қызметкердің Әдеп туралы кодексінің талабына бойұсынбайтын, жеке кәсіпкердің жазған өтініш хатына жауап беруді ар көретін адамдар қалайша жоғары лауазымды жұмысты иеленіп отыр деп таңданамын.

Мәселен, санитарлық қағида талаптары бойынша жұмыс беруші жеке кәсіпкер мен заңды тұлғадан жұмыс жасайтын қызметкерлерге қажетті әлеуметтік мәселелерді шешу талап етіледі. Бұл жерде:

(Соңы 3-бетте)

КЕЗДЕСУ

СУДЬЯЛАР КОРПУСЫ РЕФОРМАЛАРДЫ ЖАЛҒАСТЫРУҒА ӘЗІР

(Соңы. Басы 1-бетте)

А.Мерғалиев меймандармен кездесуде Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауы шеңберінде сот жүйесіндегі реформаларды жалғастыруға судьялар корпусының әзір екендігін атап өтті. Ол депутаттар назарын әзірленген заң жобаларының өзектілігіне, олардың сот төрелігі мен жалпы судьялар корпусының сапасын жақсартуға бағытталғандығына аударды. «Соттарда жүргізіліп жатқан өзгерістер Мемлекет басшысының алға қойған стратегиялық міндеті – азаматтардың соттарға

деген сенімін арттыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін», – деді ол.

В.Волков судьялар корпусын жаңартуға және сауықтыруға ықпал ететін сот реформаларының өміршеңдігін, сондай-ақ, Сенаттың сот жүйесін жаңғырту және осы бағыттағы екі заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмысымен таныстырды.

Сенатор Қанатбек Сафинов жұмыс тобының 30 отырысы өткенін, оның барысында екі заң жобасын пысықтау бойынша 360-тан астам ұсынысты қоғам өкілдерінің қатысуымен сындарлы талқылау болғанын атап өтті. Заңнама-



лық жаңашылдықтар судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға, аудандық соттар төрағаларын сайлау элементтерін енгізуге және Жоғарғы Сот Кеңесінің рөлін күшейтуге бағытталған.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы Нұрсерік Шәріпов ювеналды соттардың соттылығын кеңейтуге, апелляциялық сатылардың рөлін күшейтуге, әділ шешім шығаруға және азаматтық істер бойынша үздіксіз кассацияны кезең-кезеңімен енгізу көзделіп отырғанын атап өтті.

Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы Әбдірашид Жүкенов сот қорғанының құқықтық тетіктерін одан әрі жетілдіру қажеттігіне тоқталды.

Кездесуге қатысушылар елдегі заңның толыққанды үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында реформаларды жалғастыру қажет деген ортақ пікірге келді.

ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі

САРАП

БҰЛ САЙЛАУ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕШЕ

14 қаңтарда кезекті Сенат сайлауы өтеді. 2017 жылы сайланған Сенат депутаттарының конституциялық өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Мемлекет басшысының 2022 жылғы 26 қарашадағы Жарлығымен кезекті сайлау мерзімі белгіленген болатын.

Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) мәліметіне қарағанда, 2022 жылдың 29 қарашасы мен 14 желтоқсаны аралығында облыстар мен республикалық мәртебесі бар 2 қала мен Астананың сайлау комиссиялары ұсынылған 130 үміткердің 66-сын тіркеді. Олардың 63-і өзін-өзі, ал үшеуін мәслихаттар ұсынды. Жынысы бойынша 46-сы ер адам, 20-сы әйел. Осы арада айта кететін бір жайт әйел үміткерлер саны 2020 жылғы сайлауда – 19, 2017 жылғы сайлауда – 13, 2014 жылғы сайлауда – бесеу болған еді.

Биылғы кандидаттар арасында Сенаттың қазіргі 4 депутаты бар. Олардан бөлек мемлекеттік ұйымдар, кәсіпорындар мен мекемелердің 15 қызметкері, 29 мемлекеттік қызметші, 13 коммерциялық құрылымдардың қызметкері, 5 қоғамдық ұйым өкілі де өз бағын сынауда. Мамандығы бойынша кандидаттардың 14-і оқытушы, 10-ы ауыл шаруашылығы қызметкері, 9-ы экономист, 8-і заңгер, 7-уі инженер, 3-еуі дәрігер және 1 саясаттанушы, 1 журналист пен тағы басқа да 15 мамандықтың иесі бар. Кандидаттардың орташа жасы – 51,8 жас. Ең көп кандидаттар Жамбыл облысы мен Алматы қаласында (бес-бестен), одан кейін Абай және Түркістан облыстарынан (төрт-төрттен), ал Астана, Шымкент қалалары мен қалған 14 облыстан үш-үштен тіркелген. Яғни орта есеппен бір мандатқа – 3 кандидат үміткер болып отыр. Биыл сондай-ақ, Сенат депутаттарының сайлау бюллетеніне алғаш рет үміткерлерден бөлек, «Бәріне қарсымын» деген жоғ енгізілген. Бұдан бөлек ОСК өз қаулысымен биылғы Сенат депутаттығына кандидаттың республикалық бюджет қаражатынан жабылатын шығыстарын 550 мың теңге көлемінде белгіледі. Оның 400 мыңы теледидардан, радиодан бағдарламамен сөз сөйлеу және мерзімді баспа басылымдарында 2 мақала жариялау үшін; 70 мыңы сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізу және үгіт материалдарын шығару үшін; 80 мыңы көлік шығыстары үшін бөлінді.

Кім сенатор бола алады?

Отыз жасқа толған, жоғары білімі және кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не астананың аумағында кемінде 3 жыл тұрақты тұратын адам Сенат депутаты бола алады.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтардың сайлауға және сайлануға құқығы жоқ. Сенат депутаттығына заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам, сондай-ақ, заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасауда кінәсі барын сот мойындаған адам кандидат бола алмайды. Сенат депутаттығына кандидатты облыстың барлық мәслихаттарынан, республикалық маңызы бар қаланың немесе республика астанасының мәслихатын білдіретін таңдаушылардың жалпы санының кемінде 10 пайызы, бірақ бір мәслихаттың таңдаушыларының 25 пайызынан аспайтын дауысы қолдауға тиіс. Кандидаттарды тіркеуді облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың сайлау комиссиялары облыстық, қалалық немесе аудандық мәслихаттың депутаттыққа кандидат ұсыну туралы шешімі (мәслихат ұсынған жағдайда); депутаттыққа кандидат болып сайлануға келісім беру туралы өтініші; кандидатты қолдау үшін таңдаушылардың қолдарын тексеру нәтижелері туралы тиісті сайлау комиссиясының хаттамасы болған кезде жүзеге асырады; кандидаттың өмірбаяндық деректері; кандидаттың және оның жұбайының (зайыбының) активтері мен міндеттемелері туралы декларацияларды; кандидаттың 900 мың теңге сомасында сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжатты тапсырғаны туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамасы керек.

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады, яғни 2022 жылғы 24 желтоқсанда сағат 18-ден кейін және дауыс беру күнінің алдындағы күннің жергілікті уақыты бойынша нөл сағатта, яғни 13 қаңтарда сағат 00.00-де аяқталады. Сайлауда дауыстарды санау нәтижелері дауыс беру үшін пунктте өткізілетін тиісті



сайлау комиссиясының отырысында белгіленеді. Сенат депутатын сайлау жөніндегі дауыстарды санау хаттамасы сайлаушылардың бірлескен отырысында жарияланады және сайлау күнінен бастап 2 күннен аспайтын мерзімде ОСК-ға жіберіледі. Жалпы, республика бойынша Сенат депутаттарын сайлау қорытындыларын 20 қаңтардан кешіктірмей белгілейді және сайлау қорытындылары туралы (сайлау өткізілген күннен бастап 10 күннен кешіктірмей) бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлама жариялайды.

Сенаторлардың өкілеттігін кім тоқтата алады?

ҚР Орталық сайлау комиссиясы туралы ереже бойынша ОСК өз құзыреті шегінде Қазақстан заңнамасына сәйкес Парламент Сенаты депутаттарының сайлауын ұйымдастыру мен өткізуге басшылық етеді. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңда көзделген жағдайларда Парламент депутаттарын қайта сайлауды және Парламенттен шығып қалған депутаттардың орнына сайлауды тағайындайды. Сондай-ақ, депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың Конституцияның 52-бабы 3-тармағының талаптарын, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына, сондай-ақ, депутаттың өкілеттіктерін тоқтатуына және өкілеттіктері мен депутаттық қолсұғылмаушылықтан айыруға байланысты мәселелерді қарауға дайындайды. Депутаттардың Парламент палаталарының және олардың органдарының отырыстарына қатысуын, сондай-ақ, депутаттың өз дауысын басқа біреуге бермеуін бақылауды Комиссия мүшелері жүзеге асырады. Парламент депутатының өкілеттіктерін тоқтатуға әкелетін негіздердің туындау фактісін көрсететін қаулы және тиісті адамның Парламент депутаты өкілеттіктерін жоғалту фактісін көрсететін қаулы қабылдайды. Таңдаушылардың шешімі бойынша Сенат депутатының өкілеттіктерін тоқтату бойынша дауыс беру қорытындыларын белгілейді. Таңдаушылардың шешімі бойынша Сенат депутаты өкілеттіктерін тоқтату жөніндегі құжаттардың үлгілерін бекітеді.

Конституцияның 51-бабының 2-тармағына сәйкес сайланатын Сенат депутаттарының жартысы үш жыл сайын қайта сайланатынын да атап өте кеткен жөн шығар. Жалпы, депутаттарды сайлау олардың өкілеттігінің конституциялық мерзімі аяқталғанға дейін кемінде төрт ай бұрын тағайындайды және олардың өкілеттіктерінің конституциялық мерзімі аяқталғанға дейін кемінде екі ай бұрын өткізіледі.

Конституцияға сәйкес Сенат заңда белгіленген тәртіппен Қазақстанның әрбір облысынан, республикалық маңызы бар қаласынан және астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенат депутаттарын жанама сайлау құқығы негізінде сайлаушылар – мәслихат депутаттары жасырын дауыс берген кезде сайлайды, ал оларды республика азаматтары жалпы сайлауда сайлайды.

Сенаторлардың өкілеттігі қандай?

«ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заң бойынша Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі алты жыл. Сенаттың сайланатын депутаттарының жартысы үш жыл сайын қайта сайланады. Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша ҚР Президенті тағайындайды. Сенаттың тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Президент шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Ал мәслихаттардың атынан өкілдік ететін депутаттар болып табылатын таңдаушылардың бірлескен отырысында сайланған Сенат депутаттарының өкілеттігі осы таңдаушылардың шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Жалпы, Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі 1998 жылғы қазанға дейін төрт жыл болды, 1998 жылғы қазаннан бастап – алты жыл.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

БАНКРОТТЫҚ – ШАРАСЫЗ ЖАНДАРҒА БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

Мемлекет басшысы 30 желтоқсанда қол қойған «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң 1 қаңтарда жариялана салысымен әлеуметтік желілерде ақпаратқа қолжеткізу үшін бірыңғай байланыс орталығына 1414, қосымша 3 нөміріне немесе Telegram-дағы SalyqBot-қа хабарласуға болады. Көптен бері жұртшылық арасында қызу талқыланып келе жатқан жаңа заңның қабылдануына орай «Халықтың көптеп кредит алуын азайту шаралары туралы» деген тақырыппен Үкіметтің арнайы отырысы өтті. Онда ҚР Премьер-Министрінің Ерулан Жамаубаевтың баяндамасы тыңдалды.

Министрліктің жүзеге асырып жатқан жұмысын баяндаған Е.Жамаубаевтың айтуынша, банкроттық туралы өтініштерді қабылдау наурыздың басында басталады. 1 қаңтарда жарияланған бұл заңда халықаралық тәжірибе ескеріле отырып, 3 түрлі рәсім көзделген.

Бірінші рәсім – соттан тыс банкроттық. Оны тек банкрот, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша қолдануға болады. Онда мына шарттар сақталуы қажет: борыш 5,5 млн теңгеден аспайды; кредит 12 ай бойы өтелмеген болса; меншігінде тіркелген мүлік, оның ішінде ортақ меншіктегі мүлік болмаған жағдайда; банкпен реттеу жүргізілгеннен кейін. Бұл ретте атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін 6 ай ішінде және берешегі 5 жылдан артық өтелмеген азаматтар үшін ерекше жағдайлар көзделген. Соттан тыс банкроттық «электрондық үкімет» порталында басталады. Содан кейін ақпараттық жүйе арқылы борышкердің тиісті критерийлерге сәйкестігі тұрғысынан мемлекеттік органдардың деректерімен автоматты түрде салыстыру жүргізілетін болады.

Екінші рәсім – сот банкроттығы. Оның мақсаты банкроттың мүліктік массасы есебінен кредиторлардың талаптарын барынша қанағаттандыру болып табылады. Бұл рәсімді қаржы басқарушыла-

ры жүзеге асырады, олардың құрамына жұмыс істеп тұрған әкімшілер, кәсіби бухгалтерлер, заң кеңесшілері мен аудиторлар кіреді.

Үшінші рәсім – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Онда сот арқылы борышты бөліп-бөліп төлеу мүмкіндігі көзделеді. Оның артықшылығы – азамат «банкрот» деп саналмайды. Демек, банкрот үшін көзделген салдарлар оған қолданылмайды.

Егер банкроттықтың салдарларына тоқталатын болсақ, олар мынадай: 5 жыл ішінде қарыздар мен кредиттер алуға шектеу; банкроттықтың 7 жылдан кейін ғана қайта қолдану мүмкіндігі; 3 жыл бойында қаржы жағдайының мониторингі.

Қазір ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жүргізілуде. Бірінші, бұқаралық ақпарат құралдарында және қызмет көрсету орталықтарында ақпараттық сүйемелдеу ұйымдастырылуда. Министрліктің және оның ведомстволарының сайттарында түсіндірмелер орналастырылуда, СМС-ескертулер таратылуда. Азаматтар қызмет көрсету орталықтары арқылы кеңес алады. «Азаматтарға арналған үкімет» байланыс орталықтары және Мемлекеттік кірістер комитеті арқылы түсіндірулер ұйымдастырылуда. Әкімдіктерде мемлекеттік органдардың өңірлік бөлімшелері, банкрот, халыққа қызмет көрсету орталықтары және халықты жұмыспен қамту орталықтары басшыларының қатысуымен азаматтардың банкроттық рәсімдерін ұйымдастыру бойынша кеңестер өткізілуде.

Екінші, мемлекеттік кірістер басқармаларының қызметкерлерін оқыту жүргізілуде. Күн сайын «Азаматтарға арналған үкімет» және Мемлекеттік кірістер комитетінің қызметкерлерімен бірге онлайн-конференциялар өткізілуде, онда заң нормалары түсіндірілуде, сондай-ақ, азаматтардан келіп түсетін проблемалық мәселелер талқылануда.

Үшінші, ақпараттық жүйені әзірлеу басталды. Ақпараттық жүйенің прототипі әзірленді, оны тестілеу және пысықтау жүргізілуде. Оны енгізу қорытындысы бойынша басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция жүзеге асырылатын болады. Аталған шаралар сәтті жүзеге асыру үшін басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен үйлесімді жұмыс істеу қажет, – деді Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев.

Е. КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНА ҚАШАН ОҢАЛАДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

а) жұмыс орындарын гигиеналық норма талаптарына сәйкес толық жабдықтау;

б) демалатын, тамақтанатын орынмен қамтамасыз ету;

в) әжетхана ішінен «Әйелдер гигиенасы» кабинасын орнату;

г) жылына 2 рет міндетті түрде медициналық тексеріп қарауға және жылына 1 рет гигиеналық біліктілікті жетілдіруге қаржы қарастыру міндет. Бұл бойынша департамент, басқарма басшылары тарапынан ешқандай жұмыс жүргізілмей келеді. Басшылар санитарлық қағидаларда жазылған талаптарға сәйкес әлеуметтік мәселерді шешуге, жұмыс беруші мекеменің жылдық бюджетінде қажетті қаржының жоқ екендігіне мән бермейді. Халықтың декреттелген тобындағы адамдар жұмыс орнына киетін арнайы киім алуға, медициналық тексеруге, гигиеналық біліктілігін жетілдіруге қаржыны өз қалтасынан төлеп келді. Бұл нағыз заң бұзушылық емес пе?

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 9-бабында «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның құзыреті» белгіленген. Өкінішке қарай, Денсаулық сақтау министрлігі, комитет төрағасы, департамент директоры, басқарма басшысының әрекетсіздігінен санитарлық қағидалардың орындалуына уақытылы бақылау жүргізілмейді. Осының салдарынан санитарлық қағидадағы әлеуметтік мәселелерді шешуге облыстық білім беру және облыстық денсаулық сақтау басқармаларының жылдық бюджетінен қаржы қарастырылмаған. Оның нақты дәлелі Қызылорда облысының 2023 жылғы бюджетіне бекітілген 505 миллиард тенгеден санитарлық қағидалардағы әлеуметтік мәселені шешу үшін бір тиын да қаржы қаралмаған. Себебі, әлеуметтік мәселені шешуге облыстық мәслихатқа облыстық басқарма басшылары тарапынан ұсыныс берілмеген. Сондай-ақ, комитет төрағасы кодекстің бабында нақты жазылған талапқа қарамастан өндірістік кәсіпорындарда зиянды факторлармен жұмыс жасайтын жұмысшылар мен мамандар үшін 2010 жылдан бері Гигиеналық оқыту бағдарламасынан гигиеналық біліктілікті жетілдіру дәрістерінің алып



Сабет ДАРИБАЕВ,
КСРО және Қазақстан
Республикасы «Денсаулық сақтау
жүйесінің үздігі»

тасталғанынан мүлдем хабарсыз. Сол себепті 2021 жылғы 9 шілдеде министрлік бұйрығымен бекітілген Гигиеналық оқу жүргізу туралы бағдарламада өндірістік кәсіпорында «Зиянды, аса қауіпті» факторлармен жұмыс жасайтын адамдарға гигиеналық оқу жүргізу туралы тақырыптар бекітілмеген. Соған орай «Кәсіптік аурудан сақтану» бойынша алдын алу жұмыстары 10 жылдан бері мүлдем жүргізілмейді. Бұдан да Комитет хабарсыз.

Қазақта «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген мақал бар. Қандай қоғам болмасын, білікті маман өз ісінің шебері. Сауатты маман халыққа әрқашанда адал қызмет жасайды. Ал бүгінде комитеттің жауапты мамандарының біліктілігін жетілдіруге назар аударылмай отыр. Денсаулық сақтау жүйесіне ғимараттар беріп, оны жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз еткенмен, жұмыс жасайтын дәрігерлердің білім деңгейі сәйкес келмесе сапалы нәтиже туралы айту бекер.

2022 жылғы желтоқсан айында Парламент Сенатында «Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі» тақырыбына арналған Үкімет сағаты өтті. Онда әлеуметтік аз қамтылған адамдардың (әйелдердің) денсаулығын қорғау бойынша қордаланған мәселелер еске-

русіз қалды. Ал ұлтты, ұрпақты сақтау әйелдің денсаулығын қорғаудан басталмай ма?

Әсіресе, аймақтардағы денсаулық сақтау мәселесі сын көтермейді. Санитариялық-эпидемиологиялық қағида талаптары бақылаусыз қалғандықтан, Қызылорда өңіріндегі емханаларда адамды тексеріп қарауды жүргізетін дәрігерлер кәсіптік патология бойынша біліктілігін жетілдірмеген. Кәсіптік біліктілігі жоқ дәрігерлердің 5 жылдан бері жүргізген медициналық тексеріп қарау қорытындыларында бірде бір кәсіби аурудың анықталмауы осының дәлелі. Осы түйткілдің төркінін көрсетіп облыстық прокуратураға, Бас прокуратураға шағым жаздым. Қадағалау органы да «естімейтін» болыпты. Яғни, әлеуметтік жағдайы аз қамтылған, сүйеніші мен қорғаушысы жоқ әйелдердің тағдырын министр мен халық қалаушылары, билікте отырған мырзалар мен ханымдар ойламайтын боп тұр ғой. Қазақтың «Біреудің жоғын біреу өлең айтып жүріп іздейді» деген сөзі дәл бүгінгі билікте отырғандарға арналғандай.

Бүгінгі күні лас еден, науқастардың судноларын, балалардың түбектерін, әжетханаларды жуып, тазартып әрі оны зиянды химиялық ерітіндімен зарарсыздандырып жүрген жандардың құқығы тапталып, әлеуметтік жеңілдіктен мақұрым қалғаны өкінішті. Ал халықтың декреттелген тобындағы адамдардың денсаулығын қорғау және әлеуметтік жеңілдікті толық қамтамасыз ету жұмыс берушінің міндеті. Бірақ олар бұл міндетке атүсті қарайды. Өйткені, қалалық басқарма басшысы тарапынан нысан басшыларына санитарлық қағидалар талабына сәйкес нақты нұсқау берілмеген. Нормативтік-құқықтық актілер талабынан хабарсыз болғандықтан халық жұмыс берушіден санитарлық қағидада жазылған әлеуметтік жеңілдіктерді талап ете алмайды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сай отандық денсаулық сақтау жүйесіне реформалар жүргізетін уақыт келді. Денсаулық сақтау министрі «Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесін» қалыптастыруды ойласа, реформаны санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінен бастауы керек! Сонда ғана денсаулығына дәру таппай жүргендердің мәселесі біртіндеп шешіледі.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ



ГАЗ БАҒАСЫ РЕТТЕЛМЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жұмыс тобына депутаттар мен комитеттерден 50 ұсыныс келіп түсті, олар мүдделі мемлекеттік органдар, қоғамдық және сараптамалық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының және комитеттің отырыстарында талқыланды. ҚР Мәжілістің барлық комитеті заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Сұйытылған газ бағасы соңғы уақытта расында да әлеуметтік маңызды мәселеге айналған жайы бар. Ұзақ уақыт бойы газ бағасы қолжетімді болды. Адамдар еш ойланбастан отынның осы түріне көшті. Әсіресе, батыс өңірлері тұрғындарының басым бөлігі жеке көлігін газбен жүргізуге, кәсіпкерлік қызмет көрсетуге сұйытылған газды пайдалануға басымдық берді.

Бағаны реттеуді күшейтуге қатысты заң жобасында ұсынылған шаралардың қажет екені сөзсіз. Десе де, бұл халық үшін сұйытылған газ бағасының өсуіне алып келмей ме? Заң жобасын талқылау барысында депутаттар мәселенің осы қырына назар аударған еді. Бірақ Екатерина Васильевнаның айтуынша, бұған алаңдауға еш негіз жоқ. Өйткені, қаралып отырған заң жобасында реттеуді күшейту емес, баға саясатын айқындаудың тиімді тетігін қалыптастыру көзделіп отыр. Бүгінгі таңда сұйытылған газ бағасы екі реттеушінің қолында тұр. Яғни, көтерме баға саясатын Энергетика министрлігі анықтайды. Ал, бөлшек сауда бағасын былтырғы жылы әкімшілік әдіспен реттеу жайлы шешім қабылданғандықтан Бәсекені реттеу агенттігі құзырына берілген болатын. Осылайша бір салада екі түрлі реттеуші болғандықтан, бір тауардың әр түрлі бағасы қалыптасып отыр. Бірақ олардың ұстанатын қағидаты бір-бірінен алшақ емес. Энергетика министрлігі негізінен салалық ұстаныммен әдістемелік қисынға барынша жақын болса, Бәсекені қорғау агенттігі экономикалық нарықтағы тұрақтылықты сақтауды көздейді. Сондықтан бұл заң жобасында Энергетика министрлігінің қажетті жағдайларда өндірісте де, бөлшек сауда барысында да баға саясатын белгілеу құзыреті айқындалды. Яғни, бұл ретте бұл құзырлы орынға белгіленген шектерді өзгерту емес, барлық кезеңдерде бағаны қалыптастыру әдістемесін айқындау жүктеліп отыр.

Егер бір реттеушіде екі түрлі баға болса, онда министрлік осы екі бағаның теңгерімділігін қамтамасыз ету керек. Өйткені, бізде өндіруші 16 теңгеден сатқан газдың бағасы бөлшек саудада 80 теңгеден болғаны белгілі. Осының салдарынан заводтар дами алмады. Одан соң көтерме баға өсіп, бөлшек сауда төмен болып қалған жағдай да туындады. Ол кезде логистикалық шығындар өтелмеді. Осындай жағдайдың алдын алудың жалғыз жолы – бағалар арасындағы теңгерімді қалыптастыру. Екінші амал өндіріс кезеңінде де, саудалау барысында да бағаны еркіне жіберу. Бірақ бұл әдіс қазіргі таңда нарық тиісті дегейде ашық болмағандықтан және толыққанды реттелмегендіктен тиімді емес. Сала тек толықтай цифрланған кезде ғана нарықтық реттеу шаралары іске қосылатын болады. Әзірге мемлекеттік реттеу бұл саладағы мәселені шешудің бір нұсқасы ретінде қарастырылып отыр. Құжат бірінші оқылымда мақұлданды.

Жалпы, отырыста сонымен қатар депутаттар 13 заң жобасын жұмысқа қабылдады. Олардың қатарында Үкімет сағатында талқыланған Әлеуметтік кодекс жобасы, жылу энергетикасы туралы, Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару және соған байланысты өзгерістер мен толықтырулар туралы, кейбір заңнамалық актілерге әлеуметтік қамсыздандыру және жол қозғалысын ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобалары бар. Әкімшілік және Салық кодекстеріне, кейбір конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ, бірқатар ратификациялық заң жобалары да мәжіліс қоржынына қосылды. Бірқатар халықаралық келісімдер мақұлданып, Сенатқа жолданды. Нақтырақ айтар болсақ үшінші елдермен өзара саудадағы техникалық кедергілерді жою тәртібі және шарттары туралы келісім, Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы Өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы құжаттар мәжіліс депутаттары тарапынан қолдау тапты. Олардың ендігі тағдыры Жоғары палата құзырында.

Айша ТҮРМАҒАМБЕТОВА,
«Заң газеті»

ЫРЫС БЕСІГІ – ЖЕР

Түркістан облысындағы шаруалардың мәселелері «AMANAT»-тың жанындағы комитетте талқыланды.



Түркістан облысында ауыл шаруашылығын дамыту және тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері «AMANAT» партиясы жанындағы Агро-өнеркәсіптік комитеттің көшпелі отырысында талқыланды. Облыстық ауыл

шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Нұржігіт Мырзахметов хабарлағандай, 2022 жылы 11 айда ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 996,3 млрд теңгені құрап, егіс алқабы 14,4 мың гектарға ұлғайған.

«Біздің облыс мақта өсіретін жалғыз аймақ. Оны одан әрі дамыту үшін инвестициялық субсидиялау бағдарламасына «Шитті мақтаны өңдеу, терең қайта өңдеу кәсіпорындарын құру және кеңейту» ұғымын енгізу, тозығы жеткен құрал-жабдықты жаңарту, салымдарды өтеу үлесін 50% субсидиялауды қарастыру қажет», – деді ол.

Сонымен қатар, шаруалар ұңғымаларға және күннен қуат алуға мүмкіндік беретін панельдерге субсидия беру, ағын су мәселесін шешу, өнімді экспорттау, жайылымдармен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар айтты.

«Өзекті мәселелерді шешу үшін ең әуелі қаржыландыру, мұнан соң жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамытуды күшейту, қажетті техникамен қамтамасыз ету, жерді тиімді пайдалану жүйесін жетілдіру керек. Азық-түлік өнімдерінің бағасын дүкен сөресінде реттеу мүмкін емес. Ол үшін өндіріс орындарын көбейту қажет», – деді комитет төрағасы, Мәжіліс депутаты Қайнар Абасов.

Осы күні «аманаттықтар» облыс тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін талқылады. Мәселен, өңірде жыл соңына дейін сумен жабдықтау инфрақұрылымының 43 нысанын салу жоспарлануда. «Өгем өзеніндегі су электр стансаларының каскады» жобасы әзірленуде. Бірінші кезеңде Өгем шатқалынан Жаңабазар елді мекеніне дейін су құбырын тарту жоспарланып отыр.

Раушан НАРБЕК,
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ТАҒЫЛЫМ

АДАМЗАТҚА ЖЕТПЕЙ ЖАТҚАНЫ – ЗАҢ ЗАМАНЫ

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкердің бірі Кәкітайдың шын есімі Ғабдуллахакім (1869–1915). Абайдың інісі – Ысқақтың баласы, ата-анасы еркелетіп Кәкітай деп атап кеткен, Абай оны 1882 жылы өзіне бала етіп алып, ұлы Мағауиямен бірге тәрбиелеген. Осы Кәкітайдың 1909 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан Абай өлеңдерінің тұңғыш жинағындағы «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты мақаласында Абайдың өмір жолын түзу, дұрыс зерттеуге негіз болар бір құқықтық дерек жүр. Кәкітай дерегін «Құқықтық дерек» деп ерекше үкілеп отырғанымыздың себебі де оның бір сөзінде тұр. Дәлел ретінде Кәкітай сөзін зерттеуге алалық: «Абай 15 жаста-ақ балалық қылмай үлкендерден білімі артып елді аузына қаратып, басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып, әкесіне үлкен көмегі тиген».

Абайдың басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылуы, әкесі Құнанбайға көмектесуі заман мінезінің шындығынан шыққан еді. Әке мен бала ғұмыр кешкен заман мінезінің шындығын Ресейдің «Устав о Сибирских киргизах» заңы ашып береді. 1822 жылдың 22 шілдесінде бекітілген бұл Уставтың Абай мен Құнанбайдың төрелерімен күресіне қандай қатысты бар? Бұл сауалға тиісті жауапты олардың ата-тегінің тарихынан табамыз. Кәкітай айтпақшы, Абайдың әке тұқымы Тобықтыға басшы болған, би болған белгілі атасынан еді. Үлкен атасы Ырғызбай 1750 жыл шамасында Ырғыз деген өзенде туған екен. Халқының қолбасы батыры һәм биі. Тобықтыны аз уақытта Түркістан жағынан елін бастап ауып келіп, осы Шыңғыс тауын мал бағуға аса жарамады жер деп орын қылыпты. Онан соңғы атасы Өскенбай би халық ортасында «Әділ би» атанып, бөтен алыс елдің адамдары да орталарындағы үлкен дауларына сол кісіні іздеп келіп, жүгініп, билік айтқызып, бітімге келіп қайтады екен. Кәкітай Өскенбайды «Әділ би» деп келтірген дерегін 1822 жылғы Устав нормалары да бекітеді.

Негізінде, Уставтың дүниеге келуінің себебін дұрыс анықтап алсақ, біз Абай өмір сүрген заман мінезінің шындығын табамыз. Қазақ әдебиетінде заман бетін ашар сөздер жеткілікті, мысалы «зар заман», «сұр заман», «тұл заман», «нұр заман», «тар заман». Біздің пайымдауымызша, адамзатқа қазір жетпей жатқаны – заң заманы.

Халықтың, мемлекеттің тағдыры адам мінезіне тәуелді екені талай айтылған. Әлімсақтан дүниені билеп келе жатқан адам мінезін бұзатын іс: «басына һәм өзіне өзгешелік бермек». Абай айтпақшы, адам мінезін бұзылмаудан сақтайтын мінездің атауы – «жұртқа бірдей закон». XXI ғасырдың тілімен айтар болсақ «жұртқа бірдей закон» дегеніміз – заңдылық пен құқықтық тәртіп. Ойымызды түсінікті қылып жеткізу мақсатында «заңдылық пен құқықтық тәртіп» ұғымын Абай үлгісімен талдап көрелік. Құдай тағала адам баласын «өссін, өнсін» деп жаратқан. Осы өсіп-өнуге бастар құқықтық жол – тыйым: «ешкімге қас сағынбастық һәм өзіне өзгешелік бермектен бас тарту». Қастық қылу, қор тұту, кемсіту құралдары байырғы сол – тіл мен қылық. Тілде тыйым, қылығына тұсау сал! Атын атап, түсін түстеген қағидалардың барлығы да ежелгі ережелер болғанмен, адамзаттың, қанша талаптанса да, тыныштық пен татулыққа қолы жетпей келеді.

Біз адамзат адасуының сырын Ресейде 1822 жылы «Сібір қазақтарын басқару жөніндегі» жарлықтың мән-мазмұны арқылы ашып берелік. Ақ патша Александр І-дің бұл Указы көрші елді шауып алған соң, жұртын бодан қылып, өкіметін қолына тартып алу қажеттілігінен дүниеге келді. Арғы атасы Пётр І-дің қалдырған: «Шақ келер біздің елге жан жоқ, жер жүзін жеке билеп алмақ жолда, мына Қазақ елі ар жақтағы Азия мемлекеттерімен сауда айналымын кеңейтудегі қақпа мен кілт, сондықтан амал, айла тап, отарла, айнала қамал сал» деген аманаты орындалмай, өздерінің дәстүрлі отарлау саясатындағы «Бөліп ал да, билей бер» принципіне ауысып, қазақ жерін түпкілікті бағындыруға көшті. Бағындырудың басы империяның әкімшілік жүйесін сахарада жеделдетте

енгізу ісін заң арқылы жүзеге асыру болатын. Патшаның Указы қазақтардың саяси тәуелсіздігінің қалдықтарын құртуды көздеді. Орта жүзде хандық жүйесін жойған соң, патша өкіметі бұл аймақты сырт округтерге бөле бастайды, 1824 жылы Қарқаралы сырт округін құрады. Сырт округтердің басында полицейлік, соттық қызмет атқаратын ресейлік мекеме – округтік приказ тұрды. Ауылда – старшын, болыста – сұлтан, округте – аға сұлтан.

1826 жылы Қарқаралы сыртқы округі туралы күнделігінде неміс ғалымы К.А.Мейер округ приказында төрағалық етушінің «Президент» десе, оның титулы «аға сұлтан» деп көрсетеді, қазақтар приказды «диван» деп атапты. М.Әуезовтің романында приказ «дуан» деп алынған: «Қарқаралы деген округтің әміршісі – Құнанбай мен осы Майыр. Қазақ округті «дуан» деп, мыналарды бірде «дуан басы» деп, кейде Құнанбайды «аға сұлтан» дейді. Құнанбай округті басқаратын приказдың бастығы, Майыр орынбасары болатын. Үшінші адамы – кіші сұлтан аталушы еді».

Роман-эпопея көркем шығарма, сол себептен жазушы империяның заңмен округтік приказдың қызметін Уставта реттелген қалпында өзгеріссіз сипаттауға міндеті емес-тін. Устав бойынша округті басқару жүйесінің құрамындағы ауылдарды басқаратын старшиналар

Уставтың құниеге келуінің себебін құрыс анықтап алсақ, біз Абай өмір сүрген заман мінезінің шындығын табамыз. Қазақ әдебиетінде заман бетін ашар сөздер жеткілікті, мысалы «зар заман», «сұр заман», «тұл заман», «нұр заман», «тар заман». Біздің пайымдауымызша, адамзатқа қазір жетпей жатқаны – заң заманы.

дың құзыреті Ресейдегі сельский старосталардың құзыретімен теңестіріліп, шені бойынша территориялық қауымдастығының жоғары лауазымы адамды «сельский головаға» тең саналды. Заң нормасын зерттесек, біз басқару ісіндегі старшина мен берілде 1822 жылға дейін нақты әскери дәреже шендері болғанын табамыз. Бұл тұжырымды дәлелдейтін факт бар. Мысалы, Жортар Ырғызбайұлының әскери старшина атағын 1818 жылы Сібірдегі ерекше әскери корпусның басшысы генерал-лейтенант Г.И.Глазенаптың қолынан Ресей тағына айырықша сіңген еңбегі үшін алыпты. Жортар Ырғызбайұлы Өскенбайдың туған ағасы екені белгілі. Жортардан кейін алты жыл өткенде оның інісі Өскенбайға старшина атағын Сібірдегі шекара бастығы С.Б.Броневский табыстайды. Броневский деген кісі жаңағы Глазенаппен 1808 жылы Сібірге оның адъютанты болып келіп, Сібірдегі қазақ әскерінің атаманынан Шығыс Сібірдің генерал-губернаторына шейін көтеріледі. Бізге Броневскийдің Өскенбай биге старшина атағын беруінің бір сыры оның Тобықты жеріне барған әскери экспедициялық жорығымен байланысты көрінеді. Неміс ғалымы К.А.Мейер Семейден Қарқаралыға сапар шеккенде Шыңғыстау жақтан өткен, сол елден ол Броневскийдің Тобықтыдан шыққан бүлікті тыйып, телі-тенекті тәртіпке шақыру мақсатында қарулы қазақтар тобымен келіп кеткенін естиді. Екінші бір сыры, Броневскийдің Указда көзделген қазақтың заң мен дәстүрін жинау ісіне тікелей жауапты болғандығы. Указ облыстық бастықтарға қазақтардың заңын сұлтан-дар, билер, старшындар арқылы жинап, бәрінің басын құрап, жинақ шығару ісін тапсырған. Заңды жинау, жинақтау ісінде Броневский белсенділік танытып, арнайы ғылыми зерттеу мақаласын да Ресейлік журналда жария еткен. Әрине, бұл істе Броневскийге көмек беруден белгілі, әділет ісінің алды-артын байқарлық білім-ғылымы бар старшина Өскенбай би де қалыс қалмаған.

Ресей зерттеушілері «старшын» деп жалпы ру басыларын атайтын, жаңа Уставқа сай ауыл-ауылды басқаратын старшиналарды қазақтардың өз ортасынан сайлайтын тәртіп енгізілді. Старшынды сайлауға сұлтандар қатыспаған, тек сайланған адам жөнінде өзінің пікірін приказ алдында білдіруге құқығы болды.

Приказ өз кезегінде сайлауды заңсыз деп тануға құқығы жоқ болған соң, өзінің сайланған кісіге келіспейтін болса, ол туралы пікірін облыстық бастыққа жеткізетін. Заң нормалары мен Броневскийдің бұйрығын ескерсек, сыртқы округтік приказ Өскенбай кандидатурасына қарсы болған деуге келеді. Өйткені, хан заманы өткен кезеңде бұрынғы төрелер мен ру басылары арасында билік үшін күрес толассыз жүріп жатқан. Талас-тартыс, күрес Өскенбай уақытынан өтіп Құнанбай тұсында да тоқтамайды. 1849 жылғы шілде айында, аға сұлтандық сайлауында Құнанбай қажетті дауыс алса да, шекара комиссияның төрағасы Клейст қазан айының жетісі күні жоғары жаққа Құбек Таукиннің де кандидатурасын жолдайды. Осы жолы Өскенбайдың ұлы Құнанбайдың кандидатурасын Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков өзі қазан айының 22-де бекітеді. Бұл күрес Құнанбайдың аға сұлтандыққа сайлануымен тоқтау, тыйым, тыныш таппай, одан әрі асқынып кетіп, үкімет билігі арқылы қылмыстық іс қозғатып, жер аудартуға талпынады.

Кәкітайдың «Абай басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып, әкесіне үлкен көмегі тиген» деуінің негізі бар. Адамзат өсіп-өну жолында әлімсақтан ұрпағын тұрмыс майданында ақылмен, ғылыммен күресе білуді үйретуден бір жалықпаған. М.Әуезов те «Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының құқықтық мәдениетінде келешекте ел ісінің месі болатын қайраткерді балалық шақтан түзу тәрбиелеу ісі мен тәжірибесі барлығын шығарманың бірінші сөйлемінде-ақ тура жазған: «Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды». Бала шәкірт – болашақта елдің өзі білетін, өзі сенетін, өзі сайлаған азаматы, адамзатты адал жолмен өрге сүйрейтін ер.

Жазушы М.Әуезов ғалым адам, сол себепті ол өз еңбегін қазақтың ауыз әдебиетінің үлгі-өнегесімен бастап отыр.

Өйткені, Мағжан Жұмабаев ескерткендей: «Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес». Мағжан сөзінің қазақтың құқықтық ғылымына да қатысы бар. Әуезов қолданған қазақ тіліндегі «bala» сөзі бағзы замандардан қоғамдық қарым-қатынасты реттеуші әлемдік заңнамалық термин. Біздің қазақ қоғамында да «bala» термині заңдылық пен құқықтық тәртіп саласындағы негізгі принцип ретінде қолданылғанын «Қарадөң» ертегісі нық бекітеді.

Ноғайлы елінің ханы Қарадөң 13 жастағы жетім баланы өзінің сарайына алады, оны екі жыл 15 жасқа шейін тәрбиелейді де елге: «Осы балаға астымдағы тағымды, басымдағы тәжімді берсем» дейді. Бұл «bala» ұғымының құқықтық мән-мағынасы – билікті иемденіп кетушілікке қарсы қойылған тосқауыл, тыйым, тежеу. Бала шәкірт – даланың дана демократиясы. Заң заманы, құқықтық жол. Қарадөң сияқты, Кеңгірбай би де еркін сайлау арқылы Тобықты руының басшылығына Ырғызбайды ұсынса, келешекті ойлап оның ұлы Өскенбайды бала шәкірт ретінде тәрбиелеген. Сонымен, «бала шәкірт» жастарды ел меңгермекке дайындайтын, тәрбиелейтін мемлекеттің құқықтық мектебі. Негізгі пәні – заң мен құқық.

1822 жылғы Устав та көшпелі қазақтың басқару ісі өздерінің далалық заңдары және дәстүрлі құқығымен жүзеге асырылуға жататындығын мойындаған. Ресей үкіметі мойындаудан өзге, дала заңын қазақтардың құрметті адамдарын жан-жақты сұрастырып, толық жинап болған соң жинақ етіп шығаруды облыстық басқармаға тапсырады. Омбы облысының бастығы Броневскийге тиісті ақпарат берген құқық иелерінің бірі, ескі сөздің білгірі Өскенбай би. Олай болатын себебі, Өскенбай би ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтуғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болатын. Бала шәкірт Абайдың бұрынғы төрелермен басшылыққа таласуына жол ашқан қазақ құқығының білгірі Өскенбай мен Құнанбай билердің мектебі. Ойымызды Абай сөзімен қорытындыласақ: «Заң заманы – құқықтық жол» дегеніміз әділдік ісінің алды-артын байқарлық білім-ғылым.

Марат АЗБАНБАЕВ

ПАЙЫМ

Алқабилер сотының болуы сот төрелігінің және қоғамның жоғары демократиялығын көрсетеді. Алқабилер алқасының міндеті – процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелердің негізінде адамның кінәлілігін немесе кінәсіздігін анықтау. Олар істі құқықтық тұрғыдан емес, өмірлік тәжірибе, адамгершілік, даналық тұрғысынан бағалайды. Ал жазаның өзін «ар-ождан» шешім қабылдайтын қарапайым адамдардың кесімі негізінде кәсіби заңгер – судья анықтайды. 2007 жылдың 1 қаңтарынан



Қамажай ОМИРОВА,
Астана қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе меңгерушісі

АЛҚАБИ БОЛУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

бастап Қазақстанда жүзеге асып келе жатқан алқабилер соты – сот төрелігін жүзеге асыру нысандарының бірі болып табылады. Дәл осы кезеңде «Алқабилер туралы» заң және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық іс жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қолданысқа енгізілді.

Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2022 жылдың 11 айында алқабилердің қатысуымен 2 тұлғаға қатысты 2 қылмыстық іс қаралды. Барлық қылмыстық істер айыптау үкімімен қаралды. Алқабилер сотының үкімімен азаматтар кінәлі деп танылып, әртүрлі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Бұл институттың құрылғанына 15 жылдан астам уақыт өтсе де, азаматтар онымен жете таныс емес. Осы мақала арқылы жоғарыда аталған заң туралы ақпаратты жеткізіміз келеді. Әрине, сотқа ісі түспеген адам өмірде мұндай ақпаратты білудің қажеті жоқ деп санайды, тіпті, алқабилерге кандидат ретінде сотқа келу туралы хабарлама алғаннан кейін де олар түсінбестік танытады. Азаматтар тарапынан көбінесе «бұл қандай хабарлама? Менің деректерімді қайдан алдыңыз? Неге мен? Басқасын таңдамайсыз ба? Менің жұмысым бар, менің балаларым бар» деген сөздерді жиі естиміз. Бүгінгідей ақпараттық заманда бұл тақырып БАҚ беттерінде жиі айтылып тұрғанымен, азаматтардың алқабилер жұмысынан бейхабар болуы қынжылтады. Осыған орай сот қызметкерлері олардың азаматтық борышын өтеу мақсатында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Алқабилерге кандидаттардың тізімін облыстағы сайлаушылар тізімін негізге ала отырып облыс әкімдігі қалыптастырады. Алқабиге кандидаттардың тізіміне енгізілген, тізімдерден шығаруға заңды негізі жоқ азаматтардың өз міндеттерін орындаудан бас тартуға және сот төрелігін жүзеге асыруға қатыспауға құқығы жоқ.

Сот отырысының басталатын орны мен уақыты туралы хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті. Азаматтың алқабиге міндеттерін орындау үшін сотқа шақырылған уақытта себепсіз келмеуі Қазақстан заңында белгіленген ескерту немесе 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салу түріндегі жауаптылыққа әкел соғады.

Сондай-ақ, алқабилерге кандидаттардың тізіміне алқабилердің тізімін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған; өтелмеген не алынбаған соттылық бар; сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдар; судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері; психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар енгізілмейді. Сонымен қатар, алқабиге кандидаттардың тізіміне азаматтарды енгізу барысында олардың шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір шек қоюға жол берілмейді. Қылмыстық іс жүргізу тілін білмейтін; дене немесе психикалық кемістіктеріне байланысты алқабилердің қызметін атқара алмайтын; алпыс бес жасстан асқан егде адамдар және дін қызметкерлері жазбаша өтініші бойынша алқабилерге кандидаттардың тізімінен шығарылады.

Келесі кезең – нақты қылмыстық іс бойынша кандидаттар арасынан алқабиді іріктеу. Аса ауыр қылмыс жасады деп айыпталған адам істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы сотқа өтініш жасауға құқылы. Судьяның қаулысымен алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысуға шақырылатын кандидаттардың саны, негізгі сот талқылауының күні мен уақыты айқындалады. Үміткерлер тізімі жыл басында бекітілген тізімнен кездейсоқ іріктеу әдісімен, яғни жүйеден автоматты түрде іріктеу арқылы қалыптасады.

Алқабиге ретінде қылмыстық істі қарауға қатысқан адамдарға бюджет қаражаты есебінен аудандық сот және оған теңестірілген сот судьясының (1 жылға дейін өтілі бар) лауазымдық жалақысының шартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің сотқа қатысу уақытына (жұмыс күнінің санына) барабар, оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төленеді. Сондай-ақ, іссапар шығындары төленеді, ол үшін шығындар туралы қажетті құжаттарды (жол билеттері, жалға алу және т.б.) ұсыну қажет. Сотта алқабидің міндеттерін атқару уақыты еңбек өтілін есептеген кезде есепке алынады. Алқабидің міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

Алқабилердің шығарған үкімі елдегі заңдылық пен тәртіптің беделін арттырады, тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті орнатуға ықпал етеді. Азаматтарға, алқабиге болу – Қазақстан Республикасы азаматтық абыройлы міндеті екенін түсіндіргім келеді.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ЕЛБАСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ КҮШІН ЖОЙДЫ



Конституциялық сот өз жұмысына қызу кірісіп кетті. Жақында ғана ант қабылдап, жұмыс тәртібін нақтылаған құрылымға ең алғаш болып Парламент депутаттары өтініш жолдаған.

Конституциялық сот тартқан мәліметке сай депутаттар тобы 5 қаңтарда Конституцияның 62-бабының 4-тар-

мағына ресми түсініктеме беруді сұраған. Сондай-ақ, депутаттар «Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігін реттейтін нормаларды алып тастауға байланысты «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңының күші жойылды деп танылуға жата ма?» деген сұраққа жауап беруді сұрады.

Соған орай өтінішті қабылдап, бір шешімге келген Конституциялық Сот «2022 жылғы 5 маусымдағы республикалық референдумда білдірілген, Қазақстан Республикасының Конституциясынан 46-баптың 4-тармағы мен өзге де нормаларын алып тастау туралы Қазақстан халқының еркіне негізделе отырып, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Конституциясында «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңының Қазақстан Республикасында қолданылатын құқықтар сақталуына құқықтық негіздер жоқ деп тану қажет, осыған байланысты оның күші жойылды деп танылуға жатады», – деген өз қаулысында.

Мәжіліс Тұңғыш Президент – Елбасы туралы заңның күшін жою туралы құжатты қарауға 2022 жылғы 28 желтоқсанда қабылдағаны белгілі.

А.САТЫБАЛДЫ

АУЗЫ ЖАМАН ЕЛДІ БЫЛҒАЙДЫ

Елімізде қоғамдық жерлерде бейәдеп сөйлегендер үшін жаза күшейтілмек. Демек, «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледінің» кері келетін болып тұр. Тоқетерін айтқанда, біреуге бейәдеп сөз айтқан адам 69 мың теңге айыппұл төлеп, 30 тәулікке қамалуы мүмкін. Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті басқарма бастығының орынбасары Азамат Құрымбаевтың айтуынша, түзетулер ресми түрде жарияланғаннан кейін 60 күн өткен соң, яғни 2023 жылғы наурыз айынан бастап күшіне енеді.

Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің, сондай-ақ Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің бірқатар бабындағы өзгерістердің бірі осындай шараны құқықтық тұрғыда негіздеп отыр. Аталмыш құжаттарға сәйкес қоғамдық орындарда дәрекі сөздер айту, жеке тұлғаларды балағаттау және жәбірлеу, ғимараттарды, құрылыстарды, тұрғын үй-жайларды, қоғамдық орындарды, көліктегі және қоғамдық орындардағы мүлікті қорлау және басқа да осыған ұқсас құрметсіздікті білдіретін әрекеттер болып есептеледі. Қалғандары ұсақ бұзақылық, қоғамдық тәртіп пен жеке адамдардың тыныштығын бұзу деп танылады.

Бұған дейін қоғамдық орында балағаттағанға 17250 теңге көлеміндегі айыппұл төлету мен 15 күнге қамаққа алу жазасы болған. Бірақ ол аз болды ма, әлде тәртіп сақшылары жұмысының әлсіздігінен бе, бұл шараға ешкім ыға қоймаған сияқты. Оның сыртында қазақы кеңшілікпен заң орнына жеткендердің дауы ақыры өзара жемілемен аяқталып жататыны бар. Сол секілді мұндай құқықбұзушылықты анықтап, дәлелдеу де оңайға түспейтіні шындық.

Құзырлы орган басшылығының айтуынша, енді бұл шараның ықпалдылығы артатындай. Өйткені, қоғамдық орынға көлік, көше, дүкендер жататын болса, оларда балағат сөздердің айтылғанын бүгінде барлық адам жасай алатын аудио және бейнежазба арқылы, сондай-ақ, куәгерлердің көмегімен дәлелдеуге болады. Ешкім балағаттау фактісін растай алмаса да, істің мән-жайын анықтау үшін полицияға жүгінуге мүмкіндігі бар. Түпкілікті шешімді сот қабылдайды.

Мұндай қатал шараның қабылдануы бүгінде қазнетте қызу пікірталасқа өзек болып жатыр. Біреу бейәдеп сөзді айтатындардың жаза-

лануы дұрыс десе, енді біреулер оны еріккеннің ермегіне балауда.

Жалпы, қазақ «сөз сүйектен өтеді» деген ғой. Адамның жанын жаралап, қадір-қасиетін төмендететін бейәдеп сөздердің жаға жыртусудан бастап, адамның өліміне себеп болып жататыны шындық. Мұның сыртында адамның мәдени деңгейі, ой-өрісінен хабар беретін былапыт сөйлеудің ұрпақ тәрбиесіне де кері әсері айтарлықтай. Қазіргідей үлкен де, кіші де емін-еркін кіріп шығып жүрген жаңа медиакеңістік дәуірінде мұның қаупі ұлғая түсуде. Яғни, «Аузы жаман елді былғайды» деген халық даналығының ақиқаттығын мойындамасқа шара жоқ. Сондықтан бейәдеп сөздерге қатысты қабылданып отырған шара қажеттілік екені даусыз.

Жалпы, бұл әлемдік тәжірибеде бұрыннан бар дүние. Осы ретте шетел көрген әріптесіміз Нұрмұханбет Байғараевтың фейсбук парақшасындағы жазбасы назарымызды еріксіз аудартақ еді. Оның айтуынша, баты елдері үнемі күліп жүретін, жол беретін, амандасып, кешірім сұрай салатын қоғамға ауыр айыппұл, жазалау арқылы осылай қол жеткізіпті. Британияда көбіне ішіп алғандар көшеде, пабтың маңында төбелеспей құр айқайласып тұра береді екен. Себебі, бірінші қол жұмсаған адамның жазаланатынын біледі. Немесе сирек те болса төбелескен екі адам көбіне полицияға өзі барады. Себебі, оны ертең есепке қойса, жұмыстан шығаруы мүмкін. Содан үнемі қара тізімде тұрады. Ал енді адал есімін «жуып-шаю» үшін қоғамдық жұмысты тегін істеп, волонтер болып, түрлі адамдардан оң мінездеме алып келуі қажет болады. Осынша әуре-сарсаңға түскен соң соңында жан баласына тиіспейтін, ала көзбен қарамайтын болады. Ал бірақ салық төлеуің керек. Ол үшін жұмыс, жалақы керек. Қара тізімдегі адамды кім жұмысқа алады? Осындай қатаң

тәртіптер жүйесі мәдениетті қоғам қалыптастырды.

Біз пікірін сұраған сенатор Мұрат Бақтиярұлы да бейәдеп сөз айтатындардың жазалануы қоғамдағы мәдениетті қалыптастыратыны туралы ойымен бөлісті. Ол бұл ретте Еуропаны айтпағанда, өзіміздің төсекте басы, төскейде малы қосылған өзбек және қырғыз елінде де бейәдеп сөзге қарсы шара қарастырылғанын ортаға салды. Бұл туысқандарымыз бейәдеп сөзді жүректеріне өте ауыр алады екен. Өздеріне қаратылып айтылған мұндай сөзді кешіре алмайды. Сондықтан олар үшін бұл әрекет алдын алуға және қатаң жазалануға лайық.

Ал, біздің халқымыздың ежелден сөздің қадірін, оның құдыретін терең зерделегені белгілі. «Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады» деуінен-ақ сөздің қолданысына қатысты халықтың қатаң талабын айқын аңғаруға болады. «Он күннің тоғыз сөзден», «имандылықтың үлкені көңілге қарап сөйлеу» деуі де қазақ үшін сөздің адам тағдырына әсерін, тек жақсы айтылуының маңызын көрсетеді. Өкінішке қарай, қоғамдық көліктерде үлкеннің де, кішінің де отырғанын көзге ілмей не бір былапыт сөздер айтылып жатады. Екі сөзінің бірі боқтық, бейәдеп сөйлеу әбден әдетіне сіңіп кеткендер бар. Оларға қатал шара керек. Қоғам осылай түзелуі тиіс. Рас мұндай сөздер кейде іштегі запыранды шығару үшін ешкімге қаратылмай айтылуы да мүмкін. Кейбір адамдар осылай еркелетіні бар. Кейбір әзілі жарасатындар осылай қалжыңдасып жатады. Негізі бұл да дұрыс емес. Жалпы, мәдениетке ұмтылуымыз керек қой. Десе де, айыппұл салу, қамауға алу шараларын қолдануда жан-жақты сарап қажет. Олар заңда айқындалғандай қоғамдық орындарда айтылған бейәдеп сөздер үшін әбден анықталып берілуі тиіс.

Бұл шара қаншалықты тиімді болады? Ол қанша әдепсізді тәубеге түсіретінін дәлелдеп беру қиын. Анығы мәдениеттілікке баулу отбасындағы тәрбиенің өзегіне айналу керек. Сонда мұндай заңдар жасап бас қатырмаймыз.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»**

Алматыда қаржы пирамидасын құрды деп айыпталғандарға қатысты сот отырысы басталды.

Mudarabah Capital қаржы пирамидасының ісі бойынша басты сот отырысы Алматы қаласы Алмалы аудандық сотында өтіп жатыр. Айыпты орындығында отырған 12 айыпталушының қатарында – танымал вайнерлер Мейіржан Төребаев пен Мейірхан Шерниязов бар.

Процесс 9 қаңтарда басталды. Іс Zoom платформасы арқылы онлайн режимінде өтуде. Сот отырысына қатысқан прокурор күдіктілерге қатысты айыптау актісін оқыды. Екі сағатқа созылған қадағалаушы орган өкілі сөзінің түйіні мынау:

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ ЖӘНЕ ВАЙНЕРЛЕР ІСІ

«2019 жылы Алмас Құрманғалиев Astex қаржы пирамидасын құрған. Ол баю мақсатында қылмыс жоспарын құрып, оған туысы Ержан Мансұровты қатыстырды. Кейін олар ұйымдасқан қылмыстық топ құрды. Онда Мансұров жеке мүддесін көздеп, қаржы пирамидасын дамыту бойынша жеке тапсырмаларды орындады. Алдымен Astex ЖШС тіркелді.

Бұдан кейін Құрманғалиев салымшыларға өз салымдарының жылына уәде етілген 240 пайызын төлей алмайтынын біле тұрып ҰҚТ қызметін жалғастырды және жаңа клиенттерді тартты. Ол жаңа салымшыларды үнемі көбейту керек екенін түсінді. Бірнеше айдан кейін олар өз қызметіне сенімді және заңды болып көріну үшін танымал тұлғаларды тартты, кейін Руслан Бұрқанов, Әзімжан Саидбаев және Мейірхан Шерниязов іске қосылды. Бұл адамдар ұсынылған іс-әрекеттердің заңсыздығын түсініп, қаржы пирамидасына қатысуға өз келісімдерін берді», – деді мемлекеттік айыптаушы.

Кейін жаңа Mudarabah Capital ЖШС тіркелді, онда тергеу бойынша Бұрқанов, Саидбаев және Шерниязов жарғылық капиталдағы үлестерін пропорционал түрде бөлген. Бұл компания инвесторлардың ақшасын тарту құралы ретінде пайдаланылуы керек екені аталды.

«Mudarabah Capital мен Astex арасында келісім жасалды, оған сәйкес алғашқысы клиенттерді іздеуге, Astex атынан келісім жасауға, келісім жасалғаннан кейін кеңес беруге және басқа да заңды операцияларды жүргізуге міндеттенді. Бұл келісім Mudarabah Capital-дың Astex құрылымдық бөлімшесі болғанын көрсетеді.

Mudarabah Capital негізін қалаушылардың бірі болған Бұрқанов директор болып тағайындалды. Құрылтайшы Саидбаев әлеуметтік желілерде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуі керек еді. Ол құрылтайшылар арасында қаржы бөлуге де атсалысты. Шерниязовта дәл осындай рөл атқарды», – деді прокурор.

Басты сот процесінде сөз алған Мейірхан Шерниязов 2020 жылғы қыркүйек аяғында үшеуі де қаржы пирамидасын танымал ету үшін әлеуметтік желілерде миллионнан аса оқырманы бар Мейіржан Төребаевқа жүгінгенін ортаға салды. Оған сыйақы берілетіні уәде етіліп, бірлескен қылмыстық әрекеттерге тартылғаны айтылды.

«Төребаев ұсыныстың заңсыз екенін түсініп, пирамида істен шықса, қылмыстық жауапкершіліктен жалтарып кете алатынына сенімді болып, келісін беріп, ұйымдасқан қылмыстық топқа қосылған. Ол салымшыларға пайыз төлеу мүмкін емесін, бұл заңсыз қаржы пирамидасы екенін, жұмыстың табыстылығын бағалап, салымшылардың қаражатынан айырылатынын түсіне отырып, жұмысқа кірісті.

«Төребаев пирамиданы кеңінен насихаттап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, оған қаржы салынып жатқанын, мұның бәрі заңды екенін әлеуметтік желілерде көрсетуі керек еді. Төребаев та құрылтайшылар қатарына қосылды. Оның барлығында жарғылық капиталдың 11-11,5 пайызы болды», – деді мемлекеттік айыптаушы.

Сот отырысында судья Кәмшат Саурова айыпталушылардың тағылған айыпқа қатысты пікірін сұрады. Шерниязов пен Төребаев қаржы пирамидасын құрды және ұйымдастырды деген айыппен келіспейтінін және кінәні мойындамайтынын айтты. Сот отырысы жалғасуда. Іс басылымның назарында ұсталады.

А.ӘСЕНҒАЗЫ



МЕЖЕ

МІНБЕР

Жыл сайын елімізде шетелдіктерге бөлінетін жұмыс орындарының саны, бірлігі белгіленеді. Биыл Қазақстан 22,2 мың шетел азаматының еңбек етіп, нәпақасын айыруына рұқсат беріп отыр.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ШЕТЕЛДІК МАМАНДАРҒА МҰҚТАЖ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мұндай ұсынысты ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында жыл сайын жүргізеді. Бүгінгідей жұмыссыздық өсіп, азаматтардың күнкөріс деңгейі төмендеп жатқан уақытта ішкі нарықты сырттан келетін жалдамалы жұмысшылардан қорғау қажетті шара. Дегенмен, әрбір елде бұл мәселе тиімді шешілген. Дамыған мемлекеттер қарапайым жұмысшы күшіне зәру болса, біз секілді өркеніет көшіне енді ілескен жас мемлекеттер мықты менеджменттер, білікті ұйымдастырушыларға мұқтаж. Жалпы, бұл шара шетелдік жұмыс күшін қажетімізге жаратуға ғана емес, өзге елдердің озық тәжірибелерін тиімді үйренуге, пайдалануға қызмет еткені дұрыс.

2023 жылы шетелдік жұмыс күшін жұмысқа тарту бойынша 4 санатта квота бөлінгелі отыр. Бірінші санат – басшылар және олардың орынбасарлары үшін беріледі. Осыған орай 949 рұқсат қарастырылған. 5 313 рұқсат екінші санат бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшыларына

бағдарланып отыр. Рұқсаттардың үшінші бөлігі – арнайы кәсіп меңгерген мамандарға және төртінші санат – білікті жұмысшыларға берілімек. Ол үшін тиісінше 10 818 және 2 100 бірлік бөлінген. Сондай-ақ маусымдық жұмыстарға 3 080 жұмыс күшін тарту жоспарлануда.

Бұдан басқа, 2023 жылы үй шаруашылықтарында жұмыс істеу үшін еңбек иммигранттарын тартуға арналған квота республикадағы жұмыс күшінің санына қатысты 3,2% немесе 296,7 мың бірлік мөлшерінде белгіленген.

2022 жылы жергілікті атқарушы органдар жұмыс берушілерге шетелдік күшін тарту үшін 13,4 мың рұқсат беріп, қажеттілікке қарай уақытты ұзартқан болатын. Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты бойынша 13 951 шетел азаматы жұмыс істейді. Ал Қазақстан заңнамасын бұзған шетелдіктердің шекарадан шығарылады.

А.САТЫБАЛДЫ

ОҢ ҚАДАМ

АЙЛЫҚТЫ ӨСІРУ – ЕҢБЕКТИ БАҒАЛАУДЫҢ БЕЛГІСІ

Қазақстанда әлеуметтік қызметкерлердің жалақысын кезең-кезеңімен арттыру жалғасуда. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы 38 мың қызметкердің жалақысы 25 пайызға артты. Жалақысы өскендер қатарында әлеуметтік қызметкерлер, педагогтар, медицина қызметкерлері бар.

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы 50 пайызға, ал 2022 жылы – 25 пайызға өскен болатын. Сондай-ақ, 2021 жылы лауазымдық жалақыны 30 пайыздан 40 пайызға дейінгі мөлшерде қосымша өсіру арқылы әкімшілік және көмекші персонал, стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық әлеуметтік мекемелерде, үйде қызмет көрсету және уақытша болу ұйымдарында жұмыс істейтін жұмысшылар үшін жалақыны арттыру жүзеге асқан болатын.

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында айтылған тапсырмасын орындау мақсатында биыл азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын орташа есеппен 20 пайызға кезең-кезеңімен арттыру жалғастырылады. Жалақыны көтеру бухгалтерлер, экономистер, заңгерлер, мұрағатшылар, кітапханашылар, музейтанушылар, орманшылар, техникалық персонал және тағы басқа мамандықтар бойынша жұмыс істейтін 600 мыңға жуық азаматтық қызметшіге әсер етеді. Осылайша, 2022–2025 жылдар аралығында азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысы 2 есеге ұлғаяды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

КИЕ

ТАЛАП БОЛМАЙ, ТІЛ ДАМЫМАЙДЫ

Дүниежүзінде қанша ұлт болса, сонша тіл бар. Бірақ, әлемдік сарапшылар күніне бірнеше тілдің өлі тілдер қатарына қосылатынын айтады. Мұндай тілдер күнделікті қолданыстан шыққандықтан, өз ұлтына қажет болмағандықтан жойылып, өз мәнін жоғалтып жатыр. Ал Қазақстан тәуелсіз ел болғандықтан қазақ тілінің мерейі үстем, қолданысы кең болуы міндет. Өз жерімізде, өз отанымызда отырып өз тілімізге жетімнің күнін кештіргеніміз азаматтығымызға сын.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтеміз, қадірін арттырамыз деген жалаң сөзден қазақ тілінің бағасы артып кетпейді. Тілге деген көзқарас ең алдымен отбасынан, ата-ананың тәрбиесінен басталуы керек. Қазір өз балаларын, немерелерін қазақша сөйлете алмай отырған отбасылар көп. Соның кесірінен кішкентайларын жетектеп бара жатқан қарақөздердің орыс тілінде сөйлескенін көру бүгінде қалыпты жағдайға айналды. Аулада бір орыс бала жүрсе бүкіл қазақ баласының орысша сөйлеуі де күнделікті көрініске айналған. Бұған тосқауыл қою үшін әрқайсысымыз жүрген жерімізде тек қазақша сөйлеп, қызметтің де мемлекеттік тілде көрсетілуін талап еткеніміз жөн.

Қазақ тілінің – мемлекеттік тіл екені құжат жүзінде нақтыланғанымен, іс жүзінде сот жұмысында орыс тілінің үстем екенін мойын-

дауымыз керек. Жалпы, құқық қорғау, сот, прокуратура, адвокатура саласындағы қазақ тілінің қолданыс деңгейі өте төмен. Бүгінде тергеу, анықтау органында отырған азаматтардың көпшілігі қазақтілді. Бірақ алдына іс түссе құжаттың бәрін орысша толтыруға дағдыланған. Бұл қадамдарын олар «орысша құжат толтыру жеңіл, үлгінің бәрі орысша дайындалған, терминдерді қазақшаға аудару уақыт алады, әрі елдің түсінбеушілігін тудырады» деп ақтап алуға тырысады. Алайда, күнделікті қолдарынан өтетін құжатты қазақшаға аударып алса кім қой дейді?

Азаматтар көмек сұрап, кеңесін алатын заңгер, адвокаттардың басым бөлігінің қазақшасы нашар. Соның кесірінен олар өз қорғауындағы азаматтың мемлекеттік тілді білетін, білмейтініне бас қатырып жатпайды. Арызды қорғауындағы

адам білетін тілде емес, өзі жетік білетін орыс тілінде жаза салады. Ал сотқа арыз-шағым қай тілде түссе, іс сол тілде қаралатыны арнайы кодекстермен реттелген. Кейде сот отырысына қатысып отырған судьяның да, айыптаушы мен қорғаушының да, қос тараптың да қазақ бола тұра істің орыс тілінде қаралғанын көріп қазақ тілінің болашағы үшін алаңдайсың. Кейбір бауырларымыз ана тілін білмеген соң аудармашының көмегіне жүгініп жатады. Осының өзі тілге қатысты саясатқа бейжай қарамау керектігін ұқтыратындай.

Қазақ тілінің қайнарынан қанып ішіп, бесік жырын құлағына құйып өскен бала мемлекеттік тілге де, мемлекеттің мүддесіне де қырын қарамайды. Өкінішке қарай, отбасындағы тәрбиенің осалдығынан, тілге деген жанашырлықтың төмендігінен қазақ тілінің бүгінгі халі өте мүшкіл. Мемлекеттік мәртебесі болғанымен, ана тілімізді мойындайтын аз. Себебі – талап жоқ! Мемлекеттік мекемелердің өзінде мемлекеттік тілді білмейтіндер жетерлік. Бұл үлкен кемшілік. Қазақ тілін қажет тілге айналдыру үшін мемлекеттік мәнсаптың беделін өсіріп қоймай, сонымен бірге мемлекеттік тілді білмейтіндердің мемлекеттік қызмет істей алмайтынын нақтылап алу керек.

Теміржан ҚҰДАБАЕВ,
Наурызбай аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

СУДЬЯ ӘДЕБИ – СОТ БЕДЕЛІ

Еліміздегі судьялар корпусы сот төрелігін іске асыруда және одан тыс уақытта жалпыға бірдей әдеп нормаларын қатаң сақтауға міндеттелген. Осы негізде 2016 жылы 21 қарашадағы Қазақстан судьяларының VII съезінде «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңына негізделі отырып судьялардың Әдеп кодексі қабылданды.



Зәбира АБЫЛАЙҚИЗИ,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

Аталған кодексте судьялар үшін тәртіптік әдеп стандарттары белгіленіп, олардың адамгершілігіне, ұстамдылығына және моральдық әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылған. Судьялар өз қызметін атқару барысында жоғары жауапкершілікті сезіне отырып, тәуелсіз, сот істерін бұрмаламай, қайсыбір тарапқа жәрдемдеспей, істерді қарау барысында таныс-тамырлыққа жол бермеуге тиіс. Себебі, «Тура биде туған жоқ» деген аталы сөз әр судьяның жадында мәңгілік жаңғырып тұруы қажет.

Судья әдеби кодексінде судьялардың әріптестерімен, қарапайым азаматтармен, түрлі топтармен қызмет бабында және одан тыс уақытта қарым-қатынас жасағанда өзін-өзі ұстау мәдениеті мен шектеулері қамтылған. Азаматтардың да судьяларға қойылған шектеулерді теріс пайғылда пайдалануына болмайды.

Судьяның тұрмыстық жағдайда кез келген-әрекетті жүзеге асырған кезде әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауы тиіс екендігі осы кодексте көзделген негізгі талаптардың бірі болып табылады. Сондықтан ол тұрмыстық жағдайда жеке өзінің немесе отбасы мүшелерінің және басқа да адамдардың мүддесі үшін қызмет жағдайын пайдаланып, артықшылық алатын болса, бұл өз кезегінде судьяның тәуелсіздігіне, істі қарау кезіндегі объективтілігіне күмән келтіруге негіз болады. Себебі, іске қатысушы тарап алдында судьяның беделі төмендеп, оның материалдық мүдделілігі немесе осыған дейін өзіне артықшылық көрсеткен тұлғаға тәуелділігі жайлы пікір қалыптасуы мүмкін.

Судья өз өкілеттігін жүзеге асыру барысында, өзінің лауазымдық жағдайын көрсетпеу және судья мәртебесіне қатысты қандай да бір артықшылық талап етпеуі керек. Бұл талаптар судья лауазымына іріктеу кезінде судьялыққа үміткерлерге де қолданылады.

Судьяның моральдық-этикалық келбеті оның балаларды тәрбиелеуге, оларды және ата-аналарды күтіп-бағуға деген көзқарасы негізінде де қалыптасады. Судья отбасындағы үздік тәрбиенің үлгісі болуы керек. Судьяның да, оның отбасы мүшелерінің де материалдық мүдделері ақылға қонымы және орынды болғаны жөн.

Сот төрелігін іске асыру жөніндегі судьяның қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша

судьялар есеп бермейді. Осы қағиданы судьялар өзі ғана біліп, ұстанып қоймай, отбасы мүшелері, жақын туыстарының назарын аударып, ескертіп, қағиданы сақтауды талап еткені жөн. Судья заң үстемдігін және сот органдарының тәуелсіздігі қағидаттарын қорғауға және жүзеге асыруға тиіс.

Әрбір адамның жағымды бейнесі оның тек кәсіби қасиеттерімен ғана шектелмейді. Сондықтан, Әдеп кодексіндегі судьялардың басты міндеттерінің бірі – сот саласы қызметкерінің мінез-құлқының және өзге адамдармен қарым-қатынасының оңды болуын қамтамасыз ету, азаматтардың қоғамда сот әділдігін жүзеге асырушы өкілдері туралы оң пікір қалыптастыру.

Соттарда судьялардың әдеби бойынша арнайы комиссиялар қалыптастырылған, олар судьяларға қатысты әрбір фактіні және тосын-болса болған жағдайларды мұқият тексеріп, қарастырады және азаматтардың шағымдарын, ұсыныстарын, жүгінулерін зерделеумен айналысады.

Қорыта келгенде, судьялардың Әдеп кодексінің мақсаты қазылардың қызметінен тыс кезде де өзінің адалдығына, ар-ұятына, әдептілігіне қатысты жұрттың күмәнін тудырмауына ықпал ету. Оның әрекеттері, қылықтары және жүрісі судья деген атаққа кір келтірмеуі және сот билігінің беделін түсірмеуі қажет. Сот төрелігін жүзеге асыруда судьяларға қойылатын талаптардың күшейтілуі бүгінгі заман талабы мен азаматтардың тілегіне сай.

Президент Қ.Тоқаев 2022 жылы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа жолдауында «Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса заң үстемдігін қамтамасыз етуі мүмкін емес» деген болатын. Сондықтан бүгінгі күні судьяларға артылатын жүктің салмағы ауыр. Ал оны көтеріп жүру үшін қазыларға білім-біліктілікпен қатар, Әдеп кодексінде белгіленген нормаларды қатаң сақтау шарт.

КЕМШІЛІК ӨЗІМІЗДЕН

Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кеңдігімен өлшенеді. Еліміз егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді.

Мемлекеттік тіл, мәртебесі Конституцияда бекітілген, мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздар осы тілде жүргізіледі. Әдетте мемлекет негізін құраушы әрі жердің байырғы иесі болып саналатын халықтың тілі мемлекеттік тіл болып бекітіледі.

Мемлекеттік тіл – көптілді мемлекетте халықтың ұлттық құрамына қарамай іс қағаздарын, мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту, мәдениет, баспасөз бен байланыс орындарында, құқық қорғау мен әскер бөлімдерінде, сот істерін жүргізу т.б. міндетті деп саналатын саяси-құқықтық қасиеті бар мәртебелі тіл.

Мемлекеттік тіл әрдайым мемлекеттің қорғауында және оның қамқорлығында болады. Мемлекеттік тілді жан-жақты дамыту және оның қолдану аясын кеңейту үшін мемлекет тарапынан белгілі бір уақытқа жоспарланған жан-жақты бағдарламалар жасалады. Демократиялық қоғамда белгілі бір тілге мемлекеттік мәртебе беру – оның басқа тілдерге қысымшылық көрсету болып табылмайды.

Конституцияның 7-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі». Ал Қыл-

мыстық-процестік кодекстің 30-бабында көрсетілгендей «Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі». Сондай-ақ, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабына сәйкес «Азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі». Еліміздің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 738-бабында да «Қазақстан Республикасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі». Осыдан көріп тұрғанымыздай, Қазақстанда мемлекеттік тіл сот ісін жүргізу тілі болып табылады, тек қажет болған жағдайда мемлекеттік тілмен қатар басқа тілдер де сот ісін жүргізуде қолданылуы мүмкін. Өкінішке орай, азаматтар мен құзырлы орган өкілдерінің салғырттығынан арыз-шағым, материалдар сотқа өзге тілдерде жолданып, соның кесірінен сотта қазақ тілінде қаралатын істер саны да төмен болып тұр. Осы кемшілікті жою сіз бен бізге байланысты.

А.БАДАНОВА,
Шахтинск қалалық сотының бас маманы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

МӘСЕЛЕ

ҒАЛАМТОРҒА БАЙЛАНҒАН БАЛА

Ғаламтор – бүгінгі қажеттілік. Қазіргідей ақпараттық заманда азаматтар өзіне керекті мәліметтің бәрін осы ортадан табады. Жылдан жылға тұтынушылар саны өскендіктен ғаламтор бүгінде адамдардың пікір алмасатын, танысатын, кәсібін жүргізетін, білімін жетілдіретін алаңға айналғанын мойындауымыз керек. Сонымен бірге, ғаламтор қазір балалардың да басын біріктіретін, ұл-қызымыз жиі тұтынатын көмекші құралға айналып үлгерді.

Әрине, ғаламтордың мүмкіндігін белгіленген уақытқа сай, белгілі бір шекарде пайдаланғанның зияны жоқ. Алайда, баланың ғаламтордан қандай ақпарат алатыны, нені көріп, нені оқытыны үнемі бақылауда болуы тиіс. Балаларға бұл әлемнен нені оқып, нені үйренетінін көрсетіп, бағыт беріп отыру әрбір ата-ананың парызы. Өкінішке орай, үлкендердің барлығы бұл міндетін өз деңгейінде орындай алып отыр-

ған жоқ. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, кейбір ата-аналар баласының ғаламтормен жұмыс істегенін, әлеуметтік желілерді өз бетінше пайдаланғанын мақтаныш көреді. «Кіп-кішкентай болса да өзіне керек ақпаратты біздің көмегімізге жүгінбей тауып алады» дегенді ата-ананың талайының аузынан естіп жүрміз. Алайда, мектеп жасына дейінгі балалардың интернетке байланыу тұлғалық дамуына

теріс әсер етеді. Ғаламтордағы көріністерді талғаусыз көрген балалардың тілі кез шығады, ортамен байланысы өз қатарынан төмен болады. Бұл кейбір балалардың мінезін, адамдармен қарым-қатынасына да кері ықпал етеді. Өйткені, интернетке байланған балалардың оңаша қалғысы келетіні, өзгелермен араласуды қаламайтыны, ортамымен тіл табуына бейімсіз болатыны байқалады.

Екіншіден, кейбір ата-ана баласының тәуелсіз болғанын қалайды, оның дамуына араласуды жөн көрмейді. Әлбетте, өте зерек, өзіне не керегін білетін балалар қажетсіз ақпарат пен қажетті ақпаратқа таңдау жасай алады. Бірақ, баланың бәрі бірдей емес. Сондықтан, баланың ақылы толысып, болашақта немен айналысатынын, қай кәсіпті меңгеретінін анықтағанға дейін ата-ананың жол көрсетуі міндет.

Үшіншіден, кейбір ата-ана қолы тимегендіктен баласының немен айналысатынына, бос уақытын қалай өткізетініне назар аудармайды. Күні бойы тепеңдеп жұмыс істейтін кейбір ата-ананың балаға бақылау жасауға уақыты жоқ. Міне, тәлбиесі ақсаған, бетімен кеткен балалар-

дың көбі осындай қараусыздықтан шығады. Өйткені, ғаламтордағы ақпараттың барлығы пайдалы емес. Оның арасында қатігездікті, зорлық-зомбылықты көрсететін жеткілікті. Ал бала көргенін істейді. Ата-анасынан көріп, түйгені жоқ бала тәрбиені ғаламтордан алмай қайтсін.

Соның кесірінен бүгінгі балалардың тілінің өзі интернет тіліне бейімделіп барады. Көрген дүниесін сараптауға, зерделеуге ерінетін балалардың тіл байлығы өте жұтан. Ойындағысын түсіндіріп бере алмайды. Оқығанын қысқа-нұсқа айтып беретін балалар да аз. Әңгіменің, өлеңнің мазмұнын айту балаларға өте ауыр. Әсіресе, ереже, шағын шумақтарды жаттауда да балалардың қатты қиналатынын байқап жүрміз. Өйткені, олардың есілдері – ғаламтор. Өздері күнделікті көретін әлеуметтік желілерді ақтарып шықпай тамақ ішеуді көпшілігі әдетке айналдырған. Ғаламтордың жадысы болған жас өскіндерге жаңа тақырыпты түсіндіру, зердесін жаңа сабаққа бұру мұғалімдерге де жеңіл дей алмаймыз.

Интернетті, түрлі ойындарды, ақпараттық технологияны білуді балаларға ешкім міндеттемейді. Ал ба-

лалардың мобильді құрылғыларға телміріп отыруы денсаулығына да зиян. Бұрын көзілдірік тағатын оқушы сирек болатын. Оның өзінде мұндай балалардың көзінің нашар көруі тұқым қуалаумен байланысты еді. Ал қазір әр сыныпта біраз бала көзілдірікпен отырады. Екіншіден, бүкшііп, бүкірейіп ұзақ отырудан балалардың омыртқасы қисаяды. Үшіншіден, ойындар ойнап отырып бала рухани тұрғыда ләззат алмайды, керісінше, есесі кетіп бара жатқанда ренжиді, ашуланады, алаңдап, уайымдайды. Яғни, психологиялық тұрғыда жағымсыз әсерден қосымша күш түседі баланың мына. Сондықтан балалардың Интернетке кіруіне, мобильды құрылғылар арқылы ойын ойнауларына шектеу керек.

Баласының зейіні ашылып, дамығанын, оқу үлгерімінің жақсарғанын қалаған әрбір ата-ана бос уақыттың бәрін үйлестіріп, ғаламтордың әсерін мейлінше азайтқаны жөн.

Анар МӘЛІКҚЫЗЫ,
Алматы облысы
Жамбыл ауданы
Көкқайнар ауылындағы
мектептің мұғалімі

ЖАРНАМА

7. «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) 2023 жылғы 13 қаңтарда ҚР, 050012, Алматы қ.Сейфуллин көшесі 555, Басқарма ғимараты мекенжайы бойынша Басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарында байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстың өткізілуін хабарлайды келесі ұйымдарда:

№ р/с	Медициналық ұйымдар атауы	Занды мекенжайы/ Орналасқан жері
1	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКК	050040 Бостандық ауд., Байзақов к-сі, 299а
2	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Фтизиопульмонология орталығы» МКК	050030 Түркісіб ауд., Дегдар к-сі, 45
3	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Қалалық патолого-анатомиялық бюро» МКК	050006 Наурызбай ауд., Қалқанан ы/а, 4А
4	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Балалар фтизиопульмонология орталығы» МКК	050005 Медеу ауд., Луганский к-сі, 50
5	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Қалалық балалар оналту орталығы» МКК	050031 Әуезов ауд., Ақсай-2 ы/а, 41А үй
6	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№13 қалалық емхана» МКК	050037 Түркісіб ауд., Сейфуллин д-н, 97/32
7	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Алматы ауданы БМСҚК орталығы» МКК	050023 Алматы ауд., Төле би к-сі 157
8	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№ 4 Қалалық перзентхана» МКК	050011 Түркісбский ауд., Станкевича б/зк-сі
9	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№2 Қалалық перзентхана» МКК	050002 Медеу ауд., Жангелдин к-сі, 28/20-22
10	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Жоғарғы медициналық колледж» МКК	050012 Медеу ауд., Л.Чайкина к-сі 12а
11	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Алатау» Қалалық ауруханасы» МКК	050032 Медеу ауд., Алатау мкр., Жетбаева к-сі 28
12	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «ЖИТ» алдын алу және оған қарсы күрес орталығы» МКК	050060 Бостандық ауд., Басенов к-сі, 2 корпус 4
13	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№26 қалалық емхана» МКК	050067 Наурыз ауд., Таусамалы и/а, Гроза 102
14	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№27 қалалық емхана» МКК	050036 Наурызбай ауд., Ажар ы/а, Давлеткерей 140 А
15	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№28 қалалық емхана» МКК	050054 Түркісіб ауд., Жас Канат ы/а, 54/2
16	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№36 қалалық емхана» МКК	055551 Наурызбай ауд., Шугыла ы/а, 340 А
17	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Құлагер» БМСҚКО» МКК	050066 Жетісу ауд., Құлагер ы/а 34а
18	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Қалалық ревматоидология орталығы» МКК	050000 Алматы ауд., Айтеке би к-сі, 116
19	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Психикалық сауықтыру орталығы» МКК	050060 Бостандық ауд., Кекілбайұлы, 117а
20	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Алалық қан орталығы» МКК	050040 Бостандық ауд., Бұхар-жырау гүлзары, 47
21	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№5 қалалық емхана» МКК	050026 Алматы ауд., М.Мақатаева, 141/77
22	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№24 қалалық емхана» МКК	050028 Түркісіб ауд., Земнухова к-сі 3/1
23	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Қалалық кардиология орталығы» МКК	050012 Алматы ауд., Төле би к-сі, 93
24	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Гериатология және балалар кардиохирургия орталығы» МКК	050060 Бостандық ауд., Басенова, к-сі 2
25	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Әдел медициналық жәрдем» МКК	050000 Алматы ауд., Казбек би к-сі, 115
26	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№5 Қалалық перзентхана» МКК	050076 Әуезов ауд., Каболова к-сі, 28

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуін болуын қамтиды: 1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы; 2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басылу лауазымдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы; 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды. Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде: 1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар; 2) осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған; 4) байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорының басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбады. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелі күн өткеннен кейін аяқталады. Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі: 1) конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш; 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме; 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян; 4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі; 6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35 бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығы растайтын құжаттар. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: ҚР, 050006, Алматы қ., Алматы ауд., Сейфуллин көшесі, 555, тел. 8 (727) 2288005, каб 308, зан бөлімі 3 қабатта. Конкурсстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2023 жылғы 13 қаңтар. Конкурсстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2023 жылғы 13 ақпан.

ТАРАТУ

3. «Западный квартал» ЖШС (БСН 050540000294) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы обл., Қарасай ауданы, Райымбек ауылдық округі, Райымбек ауылы, Ақжазық көшесі, 5А үй.

4. «ЮгГазВодоПроект» ЖШС (БСН 090140004735) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Ғани Иляев көшесі, 106 үй.

5. «СанТехВодоПроект» ЖШС (БСН 040640004734) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Маметова көшесі, 86 үй.

8. «GSAG» ЖШС, БСН 171140033530, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Рысқұлов көшесі, 106 үй. Тел.: 87478189492.

11. «ADS Consulting» ЖШС кредиторларының назарына! «ADS Consulting» ЖШС Тарату комиссиясы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, индекс 050000, Алматы қаласы,

Жетісу ауданы, Омаров көшесі, 73А үй, 50 пәтер, ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және «ADS Consulting» ЖШС-ның жарғысында бекітілген тәртіппен және мерзіммен тарату жүзеге асырылады.

Кредиторлардың «ADS Consulting» ЖШС-не талап-өтініштерін тарату комиссиясы жазбаша түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі күнтізбелі айдың ішінде мына мекенжай бойынша қабылдайды: Қазақстан Республикасы, индекс 050000, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Омаров көшесі, 73А үй, 50 пәтер.

12. «Қазақстан өнеркәсіптік өрт қауіпсіздігі азаматтық қорғанысы мен еңбекті қорғау ғылыми-зерттеу қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігі, БСН 120140006600, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Алмағұл» шағынауданы, 4а үй.

14. «Дидар» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативі, БСН 160540002838 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Балқаш ауданы, Желтораңғы ауылы, Қасымбек көшесі, 2А үй, 1 пәтер. Тел.: 87714705160.

16. «ЛИБЕРТИ СИТИ» ЖШС, БСН 221140016423, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Құрманғазы көшесі, 30 ғимарат.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Рупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривошова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71. Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@gmail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агентігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12. «KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

(Соңы. Басы газеттің №2 санында)

– Жоқ, дәл осы жерде. Түн болғанына қарамастан нақты есімде. Тура осы жерге көміп жатқан-ды, – деді Жексен өзіне сенбей жатқанына шамданып.

– Дұрыс қой, бірақ бұл жерде ешбір із, белгі де жоқ. Жарайды қылмыскер барлық айғақтың көзін жойды делік, бірақ қазылған, көмілген топырақ – анық дәлел болар еді. Менің не айтып тұрғанымды түсініп тұрсыз ба? – деді тергеушінің маңдайындағы әжім ұлғая түсіп.

– Сіздерге айтып тұрмын, неге сенбейсіздер, мына жерде, – деді екі метрге қоршалған жер таспасын аттап өтіп, топырақ үстіне секіріп, – осы жер, міне-е-е, – деп қолымен аяқ астын шұқи берді. Милиция қызметкерлері ұлардай шулай жөнелді.

– Таспадан аттағаныңыз не?

– Не сұмдық мынау, бері өтіңіз?

– Айғаққа кедергі келтіріп жатырсыз, – деп бәрі жан-жақтан жамырай түсті. Шыдамы таусылған Жексен қалай милиция қызметкерлерін сендірерін білмей дал болды.

– Мені өтірікші деп ойлайсыздар ма? Рас, топырақ құнары қазылмағандай



СӘМБІ ТАЛДЫҢ САЯСЫ

боп тұрғанына мен де таңмын. Бірақ, адамнан айла артылған ба, құдай үшін қазып көріңіздер, сонда көздеріңіз жетеді. Себебі, мен кешегі жәйтке мына қос көзімнен күмін. Әгерәки мен айтқандай болмай шықса, көзімді ойып алыңдар, – деді жасаураған жанарын көрсетіп. Оның бұл сөзі иланарлықтай болды ма, не керек аға лейтенант Артығали басқаларға қарап:

– Жерді қазыңдар, – деп бұйрық берді. Бұйрықтың аты – бұйрық, жабыла жер қазылып жатты. Жердің қаттылығы сонша, бұл топырақ ешуақытта қазылмағандай. Аға лейтенант осыған қарап тұрып, «босқа уақыт өткізіп жатқан жоқпыз ба» деп ойлап та үлгерді. Ойлағаны сол екен, бірінің даусы жарқын шықты.

– Мәйіт табылды, – деді. Қабір толық қазылып өлікті сыртқа алып шықты. Қу сүйектен басқа ештеме жоқ. Тоттанған қанжар және шықты. Бұл көрініске қайран қалған милиция қызметкерлері Жексенге дүдәмалдана қарайды. Жексеннің өзі де тұқ түсінетін емес. «Қалай болғаны? Кеше көмілген өлік, қалайша бір күнде шіріп кетеді?», – дейді іштей таңданысын жасыра алмай.

– Енді мына қу сүйекке айтарыңыз тағы бар шығар, Жексен мырза? – деді тергеуші Артығали қабға қатуланып, мұнда бір жасырын жұмбақ барына иланғандай, – асықпаңыз, бөлімшеге барған соң түсіндіре жатарсыз.

Бұлар кеткен соң да қабір айналасында күнұзақ зерттеулер жүргізілді. Ал табытқағы сүйектің кім екенін, қайда, қашан өлгенін білу үшін арнайы сараптамаға жіберілді. Аяқ асты милиция бөлімшесі қызу жұмысқа кірісіп кетті. Мынандай жаңалықты естіген БАҚ-та айтулы оқиғаны күндіз-түні көрсетіп жатты. Ендігі жаңалықтарда Жексен өзінің аты аталып, осы оқиғаның нақ себепкері екеніне қуанып та қалғандай. «Мені жаңалықтан көрсетіп жатыр. Шіркін, алыстағы қарындасым да көрер ме еді... Көрген де шығар. Мені мақтан етіп жатқан шығар» деп қиялға ерік берді Жексен.

– Сіз әзірге ешқайда кетпейсіз. Бәрі анықталып болғанша полиция бөлімшесінен бір адым аттаймысыз. Бұл сіздің қауіпсіздігіңіз үшін өте маңызды, – деді аға лейтенант бума-бума қағаздарын пәпкі ішіне салып жатып. Осы аралықта белгілі мамандар оның қолынан қан, саусақ ізін алды. Әрі психолог келіп әртүрлі сұрақтармен миын мыңға, санасын санға бөлді. Күн өткен сайын Жексеннің де ығыры шыға бастады. Ал әлгі қылмыскер бейтанысты сол оқиғадан соң еш көрген жоқ. «Енді ше, анандай қылмыстан соң мені

андып полиция бөлімшесіне жақындай алмас» дейді масаттанып. «Ерте ме, кеш пе қолға түсерсің, бөлем», – дейді өз-өзі миығынан күліп. Бірақ, әлгі мүрдени, топырақты ойлап басы қатты. «Қалай?» деп өзіне осы сұрақты мың қайталап қойса да жауап таба алатын емес.

– Бізге қылмыскердің бет-бейнесін суреттеп беріңіз, – деді компьютер алдында отырған көзілдірік таққан бадырақ көзді жігіт. Сол арқылы біз оның фото-роботын жасаймыз. Сонсоң бүкіл әлеуметтік желіге таратып, көрген-білгендер арқылы түбі тұтқындаймыз. Бет-пішінінен байқаған ешбір деталь ұмыт қалып кетпесін, – деді Жексенге оның суреттеуі өте маңызды екенін аңғартқандай.

– Шамамен 18-19 жастағы бозбала. Шашы қалың, ылғи қылмен артқа қайырып жүреді. Көзі қысыңқы, қой көзді. Қарасы суық. Мұрыны – бүркіт тұмсық. Сопақ бас. Бойы шамамен – 1,80 см, сұңғақ, арық. Салмағы 60-65 арасы болса керек. Қара торы. Еріні жымыңқы, жұқа. Тағы не бар? Ә, құлағы кішкене ғана, шашынан баржоғы білінбейді де, – деді басқа тағы не қосарын ойланқырап. – Былғары күпісі қатты есімде қалыпты. Ертерек тапсаңыздар екен. Оның келесі құрбаны мен болуым әбден мүмкін, – деді оның түр-әлпетін көз алдына елестетіп, қол-аяғы дірілдеп.

Бірнеше күн өткен соң Жексенді аға лейтенант Артығалидың шақыртуымен екі милиция жетектеп кабинетіне алып келді.

– Ал, қылмыскер табылды, іс жабылды, – деді тергеуші алдына пәлкені лақтырып, креслосына шалқая отырып.

– Рас па? Құдайға шүкір, – деп Жексен иінінен ауыр бір жүк түскендей терең тыныс алды, – өмірім үшін қауіптенім едім. Маған сонша шүйлігіп еді әлгі жүгермек. Сауап болған.

– Қылмыскерді ұстап, тұтқындау қиын болған жоқ. Оны табуға көмектескен сізге алғысымыз зор, – деді аға лейтенант. Десе де бет әлпетінде бір мысқылдың нышаны бар.

– Ол қазір қайда? – деді Жексен көруге ынтығып.

– Қарсы алдымда отыр, – деді тергеуші Артығали бұған қатуланып. Жексен жан-жағына қарап, не айтып тұр дегендей түсінбей дал, – қылмыскер дәл алдымда отырған, мына – сіз. Біреу-міреу: «өзінді өзін ұстап беру қандай болады осы», – десе, сіздің оқиғаны айтып беру керек болады. Білмеймін, бұл қадамға не үшін бардыңыз, – деді қияқ мұрт тергеуші сұқтана қарап.

– Мені қылмыскер деп айтуға қалай дәтіңіз барады, тергеуші мырза. Мен

алдыңызға әділдік іздеп, бас сауғалап келген жанмын. Ендігі, қылмыс ашылмаған соң, абыройларыңыз айрандай төгілмесін деп жәбірленушінің өзіне жаба салмақсыздар ма? Міне, біздің дамып жатқан сиқымыз. Барып тұрған сорақылық! – деді, ашынып кетіп.

– Асықпаңыз, – деді тергеуші темекісін тұтатып, – бүгін өзі ауыр күн болды. Терезені ашшы, қапырық боп кетті, – деді тұрған милицияға бұйырып. Терезе ашылған соң кабинетті күздің қоңыр салқын ауасы демде қармап алды. Тыныс ашылғандай тергеуші терең тыныс алды да сөзін жалғастырды.

– Жексен Мұратұлы – 1974 жылы Жарық-Күн ауылында туып өстіңіз. Дұрыс па? – деді аға лейтенант қағаздан басын көтеріп Жексенге қарап. Ол басын изесімен аға лейтенант сөзін жалғасты. – Әке-шешеніз ерте қайтыс болған. Сіз бен қарындасыңыз нағашы аға-жеңгеніздің қолында есейдіңіздер. Мектепті тәмамдай салысымен Қарағандыға медициналық оқуға түстіңіз. Бірақ, оқуды тастап, қарындасыңызды алып осы қалаға келдіңіз. Өзіңізден екі жас кіші қарындасыңыз Жамал Мұратқызы оқуға түсе алмай, «Дархан» кафеесінде даяшы боп қызмет етеді. Дұрыс па?

– Иә, – деді Жексен өзінің өмірін өзге біреу кітаптан оқып отырғандай тәптіштеп отырғанына таңырқап.

– Осы жерде мынаны қоса кетейін. «Дархан» кафеесі кешегі қылмыс орын алған жердегі тастанды, ескі ғимараттың бірі. Дархан кафеесі мен мүрде арасы 563-ақ метр. Қылмысты жасырып тұрған тоғай тағы бар. Яғни, мұнда нендей сабақтастық бар, Жексен мырза?

– Білмеймін...

– Хо-ро-шо, онда ары қарай кеттік. Енді мүрдеге келсек, сараптама бойынша өліктің кім екені белгілі болды. Отыз жылдан бері хабар-ошарсыз жоғалған – Мадияр Пірімқұлдың мүрдесі болып шықты. Отыз жыл бұрынғы іс қағаз жұмысын ақтарып қарасақ, көргендердің айтуынша ол соңғы рет «Дархан» кафеесінде болған екен. Ал сіз қарындасыңызды үйге алып кету үшін күнде түнгі 1:30 «Дархан» кафеесіне келетіңізсіз... – деді Жексенге қалай әсер ететінін бақылап, – мұнда қандай байланыс барын сіз ғана білесіз. Сіз кеше суреттегендей расында мүрденің кеуде тұсына пышақ сұғылған. Пышақтан сіздің саусақ ізіңіз табылды. Ал сіз кеше, «мен ол жерге жақындамадым» деп басыңызды ала қаштыңыз. Міне, ғылым отыз жыл бұрынғы қылмысты ашып отыр. Демек, сізді ол жерге алып барған әлгі сіз айтқан жас жігіттің

суретін көргіңіз келеді ме? – деді Жексеннің жауабын күтпестен оның алдына фотоальбомды лақтырып жіберіп. Жексен шүңірейген көзімен өзіне таныс альбомды дірдектеген саусағымен әзер ашты. Қараса, кешегі бейтаныс бозбала.

– Сіз жастық шағыңызда келісті-ақ жігіт болған екенсіз, – деді аға лейтенант. Жексеннің көз алдында жер айналып, аспан төңкеріліп бара жатқандай болды.

– Жо-жок, бұл әлгі қылмыскер, мені де өлтірейін деп жүрген осы жігіт, – деді даусы дірілдеп, көзі мөлтілдеп.

– Альбомды жақсылап ақтарыңыз. Иә, анау қарындасыңыз екеуіңіз, ал анда аға-жеңгелеріңізбен түскен сурет.

Көптеген суретте Жексен әлгі бейтаныстың үстінен көріп жүрген былғары күпіні тағы байқады.

– Бұл суреттерді біз сіздің пәтерден, сандық ішінен таптық. Ашылмағанына да ширек ғасыр болған секілді. Іші тола – шаң, кір. Үйіңізді кішкене таза ұстасаңыз етті, – деді аға лейтенант Жексеннің өз суретін енді көргендей таңқалып отырысына ол да таңданып, – әрі-беріден соң сіз бізді тоғайға ертіп

Қарындасының жұмыс уақыты аяқтауға шақ қалған. Алайда кафеге кіріп барғанда қарындасы орнында жоқ болды. Сонда жүрегі аттай тулағаны есіне көлбеңдеп түсе берді.

– Мырзам, не болды ұйықтап қалдыңыз ба? Біз сізді күтіп отырмыз?

– Сол түні қарындасым «Дархан» кафеесінде болмай шықты, – деді алдындағы стакандағы судан бір ұрттап, әзер жұтынып, – оны іздемеген жерім жоқ. Оқиғадан бұрын қарындасым бір жігіттің оған қырындап жүргенін айтқан болатын. Әне сөйлесем, міне сөйлесем деп жүріп, жұмыстан қолым тимей ұмытып кеткен болатынмын. Ондайда адам түрлі ойларға шым батады ғой. Сол қырындағыш жігіттен күдіктендім. Қорқынышым – қарындасымың ары болатын. Кафе асүйінен пышақты қойныма тығып алдым да тоғай ішіне қойып кеттім. Бәрі де мен ойлағандай боп шықты. Қарындасымды әлгі айуан сәмбі талдың астында зорлап жатты. Қол-аяғын қойша байлап қойған... Өтінем бұл оқиғаны қарындасым естімесін. Ол бүгінде тұрмыста, бірнеше бала-шағаның анасы. Ұйып отырған шаңырақты бұзбайық, – деді Жексен осы шындық жер жаһанға жария болуынан сақтанып, – бұндайда сіздер, басқалар қандай амал қылатынын білмеймін. Бірақ осындай жайт бола қалса өз басым өлтірем деп шешім қабылдаған болатынмын. Жан дауысым шығып оған қарай жүгіріп келе жатты. Ол жалт қарай, шегіне бергенде кеудесіне қанжар қадады. Сонда да жанымды қажанға ауыр азаптан әлі күнге құтыла алмағанымыз сеземін. Әділ жазасын бердім деп ойладым. Қарындасымың қол-аяғын шешіп үйге қашуды бұйырдым. Ол айтқанымызды екі етпей, алды-артына қарамай қаша жөнелді. Сол кезде ың-шыңсыз «Дархан» кафеесінің артқы қоймасынан күрек алып келіп, мола қазып мүрдени көміп тастадым. Пышақты да қабір ішіне тастадым. Жаңбыр бүткіл күнәміңіз ізін жуып, жасырып кеткен. Бар болғаны осы. Ал қарындасым осы бір ауыр қайғыны ұмытпайтын деді ме, әлде менен ұялды ма, не керек басы ауған жаққа безіп кетті. Бүгінде араласпаймыз.

– Кейін сіздің өміріңіз құрдымға кетті, солай ма? – деді аға лейтенант аузынан сөзін жұлып алғандай, – біздің білуімізше, ішкіш болып, құмар ойнап, көрінген жерге қонатын қайыршыға айналдып бара жаттыңыз. Бұл соңғы жайттар бізге ежелден таныс. Тек осы соңғы бірнеше жылда ғана өзіңізді қолға алып тұрақты жұмыс істей бастаған екенсіз.

– Менің жас күнімде көп арманым болған. Беделді дәрігер боламын, қоғамға пайдам тиеді, бай, мансабы жоғары жан боламын деп ойлаған едім. Бірақ, әлгі қайғылы оқиғадан соң өзімді қоярға жер таппадым. Ақыры ауру боп тынған екенмін, – деді Жексен ішкі жан сырын ашып, – тергеуші мырза мен өзіме лайықты жазаны тартуға әзірмін, – деді ақырын ғана.

Бұл жолы Жексен жан дүниесінен тыныштық сезінгендей болды. Сәмбі талдың саясына мүрдемен қатар ол келешегін, арман-мұратын бәрін бір-ақ көмген болатын. Бүгінде бәрін қайта қазып алып, үміті жаңғырғандай күйде болды. Кенет терезенің ар жағынан әлгі бейтаныс жас тағы пайда болды. – Менің бүткіл өмірімді құрттың, жастық жалынымыз сөндірдің, енді жазанды тарт! – деді жыламсыраған 19 жасар өзі.

– Кешір! – деді Жексен терезеге қарап тұрып көзіне жас ала. Аға лейтенант «мынау кіммен сөйлесіп тұр» дегендей терезеге қарады, ешкім жоқ.

Сәмбі талдың жапырағын күздің салқын самалы әнтек қана тербетіп тұр. Төгілген шашақты жапырақтар әлдене жасырып тұрғандай. Әлде өткен-кеткенге сан мың жапырақ – сан мың алақандай қол бұлғап тұра ма!? Сан мың жапырақ – сан мың жанардай адам ізін андитын шығар, бәлкімі!? Әлде саясына көмілген – болашақ, арман-мақсаттың дәні ағаш жапырағында жайқалып жататын болар!?

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансаия Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklama@zangazet.kz

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5321 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №5 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31